

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы
білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының өзін-өзі
бағалауының қорытынды
А Н Ы Қ Т А М А С Ы .**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Б.Күзембаеваның 2023 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	Кайржанова Зулкарнайовна	Алия	гимназия директоры -комиссия төрайымы;
2.	Кусанова Эльмира Казихановна		директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрайымының орынбасары;
3.	Алпамысова Алпамысовна	Эльмира	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	Садыкова Лаура Маратовна		директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5.	Аюпова Нургуль Галымжановна		директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
6.	Тамашева Жанна Аманжоловна		директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
7.	Артигалиева Мендешовна	Айнур	директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
8.	Вагапова Эльвира Вагизовна		гимназия психологі – комиссия мүшесі;
9.	Примжанова Тынымбаевна	Анаргуль	директордың эстетикалық бағыт бойынша орынбасары – комиссия мүшесі;
10.	Аманбаева Айгуль Навиоловна		қосымша білім беру педагогі – комиссия мүшесі;
11.	Утегалиева Кайржановна	Аймекен	қамқоршылық кеңесінің төрайымы – комиссия мүшесі;

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

I. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН 990840002079 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылдың 21 қарашасында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1995 жыл 05 тамыз.

Заңды мекен-жайы: 090014, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі 74 құрылыс. Электрондық мекен-жайы: Shgen_uralsk@mail.kz

Интернеттегі ресми сайт: <https://shgen-uralsk.bkogov.kz/kz>

<https://shgen-uralsk.bko.edu.kz/kz>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар: https://www.instagram.com/shgen_07/;
<https://www.facebook.com/soshgen07>

Телефон, факс: 8 (7112) 24-03-38.

Мекеменің техникалық паспорты 2021 жылы 29 қарашада жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3+П,Т, құрылыс ауданы-4481,9 ғимараттың ауқымы-43887, жалпы алаң-15137,4, салынған жылы-2021 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК басқару органы - «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі».

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 690 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1.6673 га) кадастрлық номері: **08-130-034-449** (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БжҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 желтоқсан 2022 жылғы №KZ74LAA00032916, мерзімі–шектелмеген (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

КБе 16

KZ8994813KZT22030692

БИК EURIKZKA "Евразийский Банк" АҚ

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК-ның мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Гимназия директоры Кайржанова Алия Зулкарнойовна 2018 жылы 04 желтоқсандағы Орал қалалық білім беру бөлімінің №89§1 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалса, 2022 жылдың 24 қарашадағы №180§1 бұйрығымен қайта тағайындалды.

Мектеп-гимназия, Мемлекеттік аттестаттаудан соңғы рет 2012-2013 оқу жылында өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

II. Кадрлық құрамға талдау.

Эстетикалық бағыттағы гимназия педагогтерінің кадрлық әлеуеті

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - Негізгі пән бойынша – 122 мұғалім жоғары білімді 116, орта арнаулы білімді 8 педагог, сапалық құрамы 95%.

Қоса атқару шарттарында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер Негізгі пән бойынша 3 педагог (биология, математика, орыс тілі пәндері), элективті курс бойынша 7 педагог сабақ береді. Барлық педагогтардың оқу жүктемелері 8 сағаттан аспайды.

Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық қызметкерлер саны	Жоғары	Арнаулы орта білімді
2020-2021 оқу жылы	77	73	4
2021-2022 оқу жылы	112	102	10
2022-2023 оқу жылы	122	112	10

Санаттары бойынша (жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Бастауыш білім беру

	Педагогтар саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары санат	I санатты	II санатты	Санатсыз	%
2020 - 2021	33	0	7	6	7	2	2	3	6	51,5%
2021 - 2022	52	1	10	9	11	1	4	4	12	48%
2022 - 2023	48	1	15	6	13	1	2	0	10	52%

Негізгі білім беру

	Педагогтар саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары санат	I санатты	II санатты	Санатсыз	%
2020 - 2021	54	3	6	7	17	2	5	4	10	42,5%
2021 - 2022	60	2	10	15	12	2	3	4	12	53%
2022 - 2023	62	4	13	16	17	0	2	1	9	56,4%

Жалпы білім беру

	Педагогтар саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары санат	I санатты	II санатты	Санатсыз	%
2020 - 2021	20	2	5	8	2	1	1	1	0	85%
2021 - 2022	21	2	6	7	2	1	1	1	0	80,9%
2022 - 2023	19	2	7	7	3	0	0	0	0	84,2%

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейінде 52 педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 1 педагог-шебер, 10 педагог-зерттеуші, 9 педагог-сарапшы, 1 жоғары санатты, 4 бірінші санатты педагогтер сабақ берді. Үлесі 48%. Негізгі орта білім беру деңгейінде 60 педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 2-педагог-шебер, 10 педагог-зерттеуші, 15 педагог-сарапшы, 2 жоғары санатты, 3 бірінші санатты педагогтер. Үлесі 53% құрады. Жалпы орта білім беру деңгейінде 21 педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 2-педагог-шебер, 6 педагог-зерттеуші, 7 педагог-сарапшы, 1 жоғары санатты, 1 бірінші санатты педагогтер. Үлесі 80.9% құрады.

Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Негізгі орта білім беру бойынша 70 педагог сабақ береді. Оның ішінде 4 педагог-шебер, 13 педагог –зерттеуші, 17 педагог-сарапшы, 2 бірінші санатты педагогтер Үлесі 51,4 %.

Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы 2019 жылы басталды. 2020-2021 оқу жылында 16 педагог аттестаттаудан өтті. 2 педагогке педагог-шебер, 3 педагогке педагог-зерттеуші, 4 педагогке педагог-сарапшы, санаты, 7 педагогке педагог-модератор санаты берілді. 2021-2022 оқу жылында 24 мұғалім аттестаттаудан өтті. 1 педагогке педагог-шебер, 8 педагогке педагог-зерттеуші, 5 педагогке педагог-сарапшы санаты, 10 педагогке педагог-модератор санаты берілген. Заңнама бойынша педагог қызметкерлер 5 жылда бір реттен сиретпей біліктілігі мен білімін растап және санатын көтеріп отыр. 5 жылда өтпеген төмендегі педагогтер бойынша санатын төмендету және ұзарту бойынша бұйрықтар бар. *(бұйрықтар қоса тіркеледі)*

Біліктілік санатының деңгейін үш жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің басшылардың үш жылда үлесі:

Мектеп директоры басшы-көшбасшы біліктілік санатында (№ 959 31.12.2021), Әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары І санатты (№5 02.2021).

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі: Барлығы 122 педагог Оның ішінде педагог-шебер -5, педагог-зерттеуші – 28, Педагог-сарапшы-21, жоғары санатты –1, бірінші санатты -4.

5 жылда өтпеген төмендегі педагогтер бойынша санатын төмендету және ұзарту бойынша бұйрықтар бар. (бұйрықтар қоса тіркеледі)

Соған сәйкес Бастауыш сынып мұғалімі А.Ж. Куанышалиеваның жоғары санаты бірінші біліктілік санатына мектепшілік 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бір санатқа төмендетілген.

Дене шынықтыру мұғалімі Шагуанов Р.А. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (85. Қайта біліктілік тестілеуінен өтпеген біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар үшін қазіргі біліктілік санатының күші тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бір біліктілік санатына төмендетіледі.) сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бірінші санаттан екінші санатқа төмендетілді.

Бастауыш сынып мұғалімі Ж.Ч. Андированың жоғары біліктілік санаты Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына (18. Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде, бірақ келесі жағдайларда үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады: 1) «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11512 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес педагогтің уақытша еңбекке жарамсыздығы;) сәйкес мектепшілік 2021 жылдың 31 тамызындағы №121-лс бұйрығы негізінде қолда бар жоғары біліктілік санаты 3 жылға ұзартылды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының 52 тармағына сәйкес көркем еңбек пәні мұғалімі М.Г.Габдуллиннің біліктілік санаты 2022 жылғы 01 қыркүйектегі мектепшілік № 173-Ө бұйрығымен «педагог» санатына төмендетілді.

Санаттары бойынша (эстетикалық бағыт бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	санатсыз	Басшылар	%
2020-2021	11	0	0	1	2	1	2	1	4		36,4 %
2021-2022	15	0	1	1	3	1	3	2	4	0	40 %
2022-2023	19	0	1	2	2	0	4	2	8	0	36,8%

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығының 1-тарауының 27-тармақшасына сәйкес Эстетикалық бағытта қызмет атақартын мұғалімдері:

Думчева В.С., Свешникова Н.Н. Боброва И.П. санаттары мектепшілік 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165 бұйрығымен бір санатқа төмендетілген.

Эстетикалық бағыт бойынша қосымша білім беру педагогы Р.Х. Абдугалиева Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министірінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (85. Қайта біліктілік тестілеуінен өтпеген біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар үшін қазіргі біліктілік санатының күші тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бір біліктілік санатына төмендетіледі.) сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бірінші санаттан екінші санатқа төмендетілді.

Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20жж
2020-2021	77	11	6	7	5	17	31
2021-2022	112	23	6	10	7	24	42
2022-2023	122	24	7	13	10	23	45

Біліктілігін арттырған педагогтердің үлесі – 95,9%

5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар бар мұғалімдер білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен аудандық немесе облыстық кезеңдердің конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын немесе бес жыл ішінде республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындады.

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі Барлығы 98 педагог 3 жылда біліктілік арттыру курсынан өткен. Біліктілігін арттырған педагогтердің үлесі – 80,3 % Директор және директор орынбасарларының 7-еуі біліктілікті арттыру курсынан өткен. Директор орынбасарының екеуі өтпеді (Садыкова Л.М. еңбек өтілі – 1 жыл, Аюпова – 5 ай.)

2020-2021 оқу жылында 19 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. 2021-2022 жылы 25 педагог, ал 2022-2023 оқу жылы басталғаннан бері 21 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді. Курс қажеттілігі бойынша көркем еңбек пәні бойынша мұғалімдер тізімі көрсетілген «Өрлеу» БАҰО АҚ БҚО филиалының 2023 жылдың ақпан айында өтетінін растайтын анықтамасы бар. (анықтама қоса тіркелді)

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен оқушының жеке тұлғасына бағытталған сапалы білім берудегі инновациялық ізденіс жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүзеге асырылды. Педагогтердің білімін арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми - ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі.

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясында әдістемелік қызмет 4 бағытта жұмыс жасап келеді:

«Көшбасшылар керуені» шеберханасындағы тренер педагогтер мен педагог-шебер ұстаздар мектептің жағдайын зерделеу және мақсат қоя отырып, мектептің дамыту жоспарын әзірлеу жұмыстарын жүзеге асырады, мектептегі жұмыстарды тиімді ұйымдастырады.

«Сырттай сүйемелдеу» шеберханасы - жас маман және жаңадан келген мұғалімдерге педагогтік қызметтегі кездескен қиындықтарды жеңуіне көмектеседі, кәсіби өсуіне мүмкіндік жасайды.

«Үздіксіз тәжірибе» шеберханасы жұмысының жоспары бойынша оқу мен тәрбие сапасын көтеруде біліктілікті арттыру курстарында, семинар, конференцияларға, педагогикалық оқылымдарға, шығармашылық есеп беру жұмыстары жүргізіледі.

«Табысты оқушы» шеберханасы оқушылармен жұмысты жүзеге асырады. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелейді, оқушылардың зерттеушілік, жобалық қызметін ұйымдастырады; «Экомектеп», «Оқуға құштар», «Цифрлық мектеп», «Profitime» жобаларының жұмысын жүргізуді жүзеге асырады.

Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін дамыту, өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беру мақсатында гимназиямызда **«Жоспарлаудың жедел тәсілі»** жобасы жүргізіліп келеді. Бұл – педагог мұғалімдердің инновациялық жобасы, дайын ресурс, брендтік өнімі.

Жобаның мақсаты:

- Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуіне ықпал ету;
- Мұғалімнің шағармашылық дамуына мүмкіндік беру;
- Педагогтердің бәсекеге қабілеттілігі арту;
- Мұғалім өзін-өзі жетілдіреді, кәсіби кемелденуіне жағдай туғызу.

Жоспарлаудың жедел тәсілін жүзеге асыру төмендегідей жүзеге асады:

- Әр мұғалім 1 жылға арналған өзінің жетілдіру жоспарын жасайды;
- Өз жоспарында жұмыс түрін, мақсатын, күтілетін нәтижесін көрсетеді;
- Жыл бойы өзінің жоспары бойынша жұмыстанады, мектептің оқу-тәрбие үрдісіне өз үлесін қосады;
- Жыл аяғында жұмыс нәтижесі бойынша есеп береді.

Нәтижесінде педагог өз тәжірибесімен бөліседі, авторлық бағдарлама ретінде ұсына алады, кәсіби біліктілігін көтереді, әр түрлі байқауларға қатыса алады.

Республикалық «Мектеп оқушыларын ұлттық және мәдени құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеу» тақырыбындағы мектеп директорларына арналған семинарда үздік деп танылған жұмыстардың жәрменкесінде төмендегі мұғалімдер өз жұмыстарын таныстырып өтті. Атап айтсақ «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың ұлттық және мәдени құндылықтарын арттыру» тақырыбымен қазақ тілі мұғалімдері Акашаева З.М., Бисенғалиева С.С., Джумашева Г.М., Үмбетова Р.Ү. Абдрахманова А.Д., «Химиялық элементтерді зерттеу» тақырыбындағы жұмысымен Орынғалиева А.Р., «Practice is better than prescript!» тақырыбымен Ким Е.В. Уразаева Р.Ж. Балманова А.Т. Тансарова Г.К., «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылықтарын арттыру» тақырыбы бойынша Жусупкалиева К.Х., Ашекенова Ү.Е., Негметов М.Ж., Баубекова Ж.Ж., Исатай Ә.Ш. өз жұмыстарымен таныстырып, әріптестерінің жоғары бағасына ие болды. Аталған жұмыстардың барлығы Республикалық көлеміндегі басылымға жариялануға ұсынылды.

Педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгеру нәтижесінде түрлі сайыстар мен байқаулардың жүлдерлері атанып келеді. 2022-2023 оқу жылы ішінде гимназия мұғалімдерінің төмендегідей жетістіктерін атап айтуға болады. Облыстық «Ең үздік жетекші мектеп» байқауында Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы командасы жүлделі I орын иеленді. Облыстық «Құрметті педагог» байқауының жеңімпазы бастауыш сынып мұғалімі Рахметова Ақгүл Жәрдемқызы 946 мың сыйақы сертификатын иеленді. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында бастауыш сынып мұғалімі Тулеушова Арайлым Рахымғалиевна жүлделі III орынға ие болды. Жас педагогтер арасында өткен «Тәлімгерден талап-жас маманға қанат» облыстық байқауында гимназиямыздың тәлімгер ұстазы, гимназиямыздағы «Сырттай сүйемелдеу» жас мамандар мектебінің жетекшісі Бисенғалиева Сәуле Сәрсенғалиевна және жас маман Есентемір Назерке Сайлауқызы «Әдіскер көшбасшы» номинациясымен марапатталды. «Team Leaders» Қазақстан Республикасы Батыс өңірі жетекші мектептерінің YI аймақтық форум аясындағы I аймақтық жетекші мектеп командаларының олимпиадасында Эстетикалық бағыттағы гимназиясы жүлделі III орын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды.

III. Білім алушылар контингенті.

оқыту кезеңдері	2020 -2021о.ж	2021 -2022о.ж	2022-2023 о.ж
-----------------	---------------	---------------	---------------

	саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
бастауыш сынып	470	18	812	28	920	31
негізгі мектеп	327	15	479	22	626	26
орта мектеп	66	4	67	4	63	4
мектеп бойынша барлығы	863	37	1358	54	1609	61

2019-2020 оқу жылының соңында мектеп контингенті бастауыш буында-294 оқушы, негізгі буында-200 оқушы, орта мектепте- 64 оқушыны, барлығы 558 оқушыны құрады.

2020-2021 оқу жылында мектеп-гимназияға жаңа ғимараттың пайдалануға берілуіне және қазақ тілінде оқытатын жаңа сыныптардың ашылуына орай оқушы қозғалысы қарқынды жүрді. Мектеп-гимназияға жазғы қозғалыс есебі бойынша 316 оқушы қабылданып, 2020-2021 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 863 оқушыны құрады. Оқу жылы барысында мектеп-гимназияға 56 оқушы келді, 24 оқушы өзге білім беру ұйымдарына ауысты және қозғалыс есебі нәтижесінде 2020-2021 оқу жылы 895 оқушымен аяқталды.

Жазғы қозғалыс барысында мектеп-гимназиядан 127 оқушы ауысып, жаңадан 590 оқушы қабылданып, 2021-2022 оқу жылы 1358 оқушымен басталды. Мұндай өсімді қазақ тілінде оқытатын сыныптардың көбеюімен түсіндіруге болады. Оқу жылы барысында 22 оқушы кетіп, 36 оқушы келіп, 2021-2022 оқу жылы соңындағы мектеп-гимназия контингенті 1372 оқушыны құрады.

Мектеп-гимназия орналасқан ауданда жаңадан салынған көп қабатты үйлердің көбеюіне және ауданда орыс тілінде оқытатын басқа орта білім беру ұйымының болмауына байланысты мектеп-гимназияға жаз кезінде 454 оқушы қабылданды, ал 217 оқушы басқа білім беру ұйымдарына ауысты. 2022-2023 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 1609 оқушыны құрады.

IV. Оқу – әдістемелік жұмыс.

Мектептің 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарлары бар. Жыл сайынғы талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларының, жүзеге асты.

2017-2022 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериалды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2020-2021 оқу жылында эстетикалық бағыттағы мектеп –гимназияның оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде құрылды.

Оқу жоспары 2020-2021 оқу жылына арналған Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алына отырып құрылды.

1-4 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 14,15-қосымшалар), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа алынды.

5-9 -сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығы басшылыққа алынды.

10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылы:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Орал қалалық білім беру бөлімі «Эстетикалық бағыттағы мектеп гимназиясы» КММ 2021-2022 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамыр №182 бұйрығы), «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, 2021 жылғы 31 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің шешімдері басшылыққа алынды және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

1-4 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 14,15-қосымшалар), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы және «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы басшылыққа алынды.

5-9 -сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 19,20-қосымшалар), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы және «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы басшылыққа алынды.

10-11 сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, 22-қосымша), ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі №352 бұйрықпен, 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрықпен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша өзгерістер енгізілген), сонымен бірге «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Орал қалалық білім беру бөлімі «Эстетикалық бағыттағы мектеп гимназиясы» КММ 2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (Хаттама№8, 21 шілде 2022ж), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары 2022 жылғы 27 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің шешімдері басшылыққа алынды және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 14,15-қосымшалары басшылыққа алынды.

5-9–сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 19,20-қосымшалары басшылыққа алынды.

10-11 - сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 28,30-қосымшалары басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2020-2021 оқу жылына

Бастауыш білім беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының I тарауының 2-қосымшасының 1 тармағында бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы:

«Тіл және әдебиет» білім саласының мазмұны «Сауат ашу», «Обучение грамоте», «Қазақ тілі (Т1)», «Русский язык (Я1)» «Әдебиеттік оқу», «Литературное чтение», қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы «Қазақ тілі (Т2)», оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Русский язык (Я2)», «Шетел тілі» оқу пәндері арқылы жүзеге асырылды.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Апталық	Жалпы жүктеме, сағат
		1г	1д	2в	3в		
Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	10	10	11	11	96	3234
1	Сауат ашу	6	6			18	594
2	Қазақ тілі			4	4	24	816
3	Әдебиеттік оқу			3	3	18	612
4	Орыс тілі (Я2)	2	2	2	2	18	612
5	Шетел тілі	2	2	2	2	18	606

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1с	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Язык и литература	10	10	10	10	11	11	11	12	12	12	12	12	12	12	211	7114
1	Обучение грамоте	6	6	6	6											36	1188
2	Русский язык					4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	52	1768
3	Литературное чтение					3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	39	1326
4	Казахский язык (Т2)	2	2	2	2	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3	46	1552
5	Иностранный язык	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	38	1280

Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілінен, оқытылуы орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда қазақ тілінен, шетел тілі (ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды.

Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін 2,3,4 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнінен тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

Оқытылуы орыс тілінде жүргізілетін 2,3,4 сыныптарда русский язык және литературное чтение пәнінен тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«Шетел тілі»

Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді.

Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерген.

БЖБ үшін жоғарғы балл 2-4-сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық болмауы ескеріле отырып, тоқсан сайын әр сыныпта 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілді. Оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ, 4 ТЖБ өткізілді.

«Русский язык (Я2)»

Бастауыш мектепте «Орыс тілі (Я2)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу. 4-сыныпты бітіргеннен кейін білім алушылар жалпы Еуропалық деңгей жүйесіне сәйкес А2 деңгейінде (бастауыш деңгей) тілдерді меңгеру шеңбері (CEFR) жетеді. Оқу пәні бойынша тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«Қазақ тілі (Т2)»

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі (Т2)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу. 4-сыныпты бітіргеннен кейін білім алушылар жалпы Еуропалық деңгей жүйесіне сәйкес А2 деңгейінде (бастауыш деңгей) тілдерді меңгеру шеңбері (CEFR) жетеді. Оқу пәні бойынша тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта (2,3,4 сыныптарда) 8 БЖБ,4 ТЖБ өткізілді.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәндерінде іске асырылды.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат
		1г	1д	2в	3в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
II	Математика және информатика	4,5	4,5	4	6	45,5	1533,5
6	Математика	4	4	4	5	40	1348
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				1	5,5	185,5

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1е	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Математика и информатика	4,5	4,5	4,5	4,5	4	4	4	6	6	6	6	6	6	6	95	3203
6	Математика	4	4	4	4	4	4	4	5	5	5	5	5	5	5	84	2832
7	Информационно-коммуникационные технологии								1	1	1	1	1	1	1	11	371

Математика оқу пәні бойынша әр сыныпта әр тоқсанда әртүрлі БЖБ жұмыстары және тоқсан сайын ТЖБ жұмыстары жүргізілген.

2,3 сыныптарда әр тоқсан сайын 3 БЖБ, 1ТЖБ өткізілсе, 4 сыныпта 1 тоқсанда 3 БЖБ, 1 ТЖБ, 2,3 тоқсанда 2 БЖБ мен 1 ТЖБ жұмысы, ал 4 тоқсанда 3 БЖБ мен 1 ТЖБ жұмысы өткізілген.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәні 1 сыныптарда 2022 жылдың қаңтар айынан бастап оқытылды, ал 3 сыныптарда 2021-2022 оқу жылының қыркүйегінен бастап оқытылды.

Бастауыш мектепте «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәндерінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмеді. Жартыжылдық соңында білім алушыларға «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылды.

«Жаратылыстану» білім саласы:

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1г	1д	2в	3в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	9	303
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	9	303

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1с	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Естествознание	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640
8	Естествознание	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан ТЖБ жүргізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. 2-4 сыныптарда әр тоқсан сайын 1 БЖБ өткізілді.

«Адам және қоғам» білім беру саласы:

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» және «Өзін-өзі тану» пәндері арқылы беріледі. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды.

2-4 сыныптарда әр тоқсан сайын 1 БЖБ өткізілсе, жылына әр сыныпта 4 БЖБ өткізілген.

«Өзін – өзі тану» оқу пәні:

Бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып пәннің негізгі базалық мазмұны төмендегі тарауларға сәйкес келді: «Ғасырлар даналығы», «Ынтымақты отбасы», «Адам болам десеніз...», «Әсемдік әлемінде!» 4-сыныпта 25-26-сабақтардың тақырыбы «Табиғаттың жандандыратын күші», 27-28-сабақтардың тақырыбы «Жанды су». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 1-сыныпта 33 сағат, 2-4-сыныптарда – 34 сағатты құрады.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1г	1д	2в	3в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	18	606
9	Дүниетану	1	1	1	1	9	303
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	9	303

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1е	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Человек и общество	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	38	1280
9	Познание мира	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640
10	Самопознание	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640

«Технология және өнер» білім саласы:

«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері енгізіледі.

«Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

«Көркем еңбек» – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1г	1д	2в	3в	Апталық	Жылдық

Инвариантный компонент							
V	Технология және өнер	2	2	2	2	18	606
11	Музыка	1	1	1	1	9	303
12	Көркем еңбек	1	1	1	1	9	303

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1с	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Технология и искусство	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	38	1280
11	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640
12	Художественный труд	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	640

«Дене шынықтыру» білім саласы:

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға (спорттық және қозғалмалы ойындар санын кеңейту есебінен) және сауықтыру процесіне бағытталды. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1г	1д	2в	3в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент							
VI	Дене шынықтыру	2	2	2	2	8	268
13	Дене шынықтыру	2	2	2	2	8	268

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам														общая	
		1а	1б	1в	1с	2а	2б	2г	3а	3б	3г	3д	4а	4б	4в	недельная	годовая
Инвариантный компонент																	
	Физическая культура	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	28	944
13	Физическая культура	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	28	944

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 6 қаңтардағы №3 бұйрығы, облыстық білім басқармасының 2022 жылдың 10 қаңтардағы №3 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «2021-2022 жылдың 3 тоқсандағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру туралы» эстетикалық бағыттағы мектеп – гимназияның 2022 жылдың 15 қаңтарындағы бұйрығы негізінде 3 оқу тоқсаны 2022 жылдың 17 қаңтарынан басталған болатын. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10-15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

Негізгі орта білім беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-қосымшасының 1 тарауында негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге

міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19,20 қосымшалары негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды.

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру екендігі атап көрсетілген.

Мектеп-гимназиядағы сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық болғанда келесі пәндер бойынша сыныптар екі топқа бөліп оқытылды: 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті; 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті; 3) шетел тілі; 4) көркем еңбек; 5) информатика; 6) дене шынықтыру сабақтары.

Қазақ тілінде білім беретін 7ә және 7в-сыныптарында оқушы толымдылығына қарай сынып бөлінісінде оқу жылы барысында өзгерістер болды. 2021-2022 оқу жылының 1-жартыжылдығында 7в-сыныбында 24 оқушы болып, сыныптағы орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, көркем еңбек, информатика, дене шынықтыру пәндері топтарға бөлініп оқытылды. Ал оқу жылының 2-жартыжылдығында сыныптағы оқушылар саны керісінше бұл сыныпта азайды да, 7ә-сыныбындағы оқушы саны артты. Осы жағдайға сәйкес 7ә-сыныбында жоғарыда көрсетілген пәндер бөлініп оқытылды.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы:

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" және оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті", оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі" пәндері арқылы жүзеге асырылды.

Кесте – 1(оқытылуы қазақ тілінде)

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 16,17-қосымшалары негізінде- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді - 7-9 сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінен қосымша 1 сағат қосылды.

Кесте – 1(оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5ә	5в	6ә	6г	7ә	7в	8ә	8в	9ә	9в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
IV	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4	32	1152
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	20	720
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	360
16	Құқық негіздері	0	0	0	0	0	0	0	0	1	1	2	72

Кесте – 2(оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам																Нагрузка, часы	
		5а	5а	5г	5д	6а	6б	6в	7а	7б	7г	7д	8а	8б	8г	9а	9б	недельная	годовая
Инвариантный компонент																			
IV	Человек и общество	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4	50	1800
14	История Казахстана	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	32	1152
15	Всемирная история	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	16	576
16	Основы права	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	1	2	72

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

Кесте – 1(оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5ә	5в	6ә	6г	7ә	7в	8ә	8в	9ә	9в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
V	Технология және өнер	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	18	648
17	Музыка	1	1	1	1							4	144
18	Көркем еңбек	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	504

Кесте – 2(оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам																Нагрузка, часы	
		5а	5а	5г	5д	6а	6б	6в	7а	7б	7г	7д	8а	8б	8г	9а	9б	недельная	годовая
Инвариантный компонент																			
V	Технология и искусство	3	3	3	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	1	1	1	30	1080
17	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	7	252
18	Художественный труд	2	2	2	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	23	828

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

«Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады.

Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарына сәйкес инвариантты бөліктен берілген екі сағат жүктемемен қатар вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат бөлінген және осы сағат көлемінде міндетті түрде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс. Бағдарламаға сәйкес үшінші сағат білім алушылардың белсенділігін спорттық ойындар арқылы арттыруға бағытталған.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5в	6а	6г	7а	7в	8а	8в	9а	9в	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
VI	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	20	720
19	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	20	720

Кесте – 2 (оқытылуы орыс тілінде)

№	Образовательные области и учебные предметы	Количество часов в неделю по классам																Нагрузка, часы	
		5а	5а	5г	5д	6а	6б	6в	7а	7б	7г	7д	8а	8б	8г	9а	9б	недельная	годовая
Инвариантный компонент																			
VI	Физическая культура	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	32	1152
19	Физическая культура	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	32	1152

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Жалпы орта білім беру

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жалпы орта білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдыларды дамыту арқылы оқушылардың болашақта жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру ортасын жасау болып табылады.

Жалпы орта білім беруді жүзеге асыру барысында үлгілік оқу жоспарына сай міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда

оқушылардың қажеттіліктері мен таңдауларына байланысты бейінді оқыту жүргізіледі. Яғни, білім алушылардың міндетті оқу пәндерін оқумен қатар инвариантты компонентте оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлеріндегі бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған.

Мектеп-гимназия бойынша 2022-2023 оқу жылында оқытуы орысша жүргізілетін 10-11 - сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарының 28,30-қосымшалары басшылыққа алынды.

Бейінді оқытудың барлық бағыттары үшін міндетті оқу пәндері бойынша мазмұны "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Шетел тілі", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерін құрайды.

жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10А	11А	недельная	годовая
Инвариантный компонент					
Обязательные предметы					
1	Алгебра и начала анализа	3	3	6	216
2	Геометрия	2	2	4	144
3	Информатика	2	2	4	144
4	Русский язык	1	1	2	72
5	Русская литература	2	2	4	144
6	Казахский язык и литература	3	3	6	216
7	Иностранный язык	2	2	4	144
8	История Казахстана	1	1	2	72
9	Физическая культура	2	2	4	144
10	Начальная военная и технологическая подготовка	1	1	2	72

қоғамдық-гуманитарлық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10Б	11Б	недельная	годовая
Инвариантный компонент					
Обязательные предметы					
1	Алгебра и начала анализа	2	2	4	144
2	Геометрия	1	1	2	72
3	Информатика	1	1	2	72
4	Русский язык	2	2	4	144
5	Русская литература	2	2	4	144
6	Казахский язык и литература	3	3	6	216
7	Иностранный язык	3	3	6	216
8	История Казахстана	2	2	4	144
9	Физическая культура	2	2	4	144
10	Начальная военная и технологическая подготовка	1	1	2	72

Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда міндетті пәндердің оқу жүктемелері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді»

(«есептелінген жоқ») белгісі қойылады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" пәндері енеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша тереңдетілген деңгейде 10а, 11а-сыныптарында физика-география пәндері таңдалынды. Стандарттық деңгейде екі сыныпта да дүниежүзі тарихы пәні таңдалынып, оқытылды.

жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10А	11А	недельная	годовая
Предметы по выбору					
Углубленный уровень		2 предмета по 3 часа	2 предмета по 3 часа		
11	Физика	3	3	6	216
12	Химия				
13	Биология				
14	География	3	3	6	216
Стандартный уровень		1 предмет по 2 часа	1 предмет по 2 часа		
15	Всемирная история	2	2	4	144
16	Основы предпринимательства и бизнеса				
17	Графика и проектирование				
18	Основы права				

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел тілі", "Дүниежүзі тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Физика", "Химия", "Биология", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндері енеді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бойынша тереңдетілген деңгейде 10б, 11б-сыныптарында дүниежүзі тарихы-география пәндері, стандарттық деңгейде физика пәні таңдалынып, оқытылды.

қоғамдық-гуманитарлық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10Б	11Б	недельная	годовая
Предметы по выбору					
Углубленный уровень		2 предмета по 3 часа			
11	Иностранный язык (второй)				
12	Всемирная история	3	3	6	216
13	География	3	3	6	216
14	Основы права				
Стандартный уровень		1 предмет по 2 часа			
15	Физика	2	2	4	144
16	Химия				
17	Биология				
18	Основы предпринимательства и бизнеса				

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 25,27-қосымшалары негізінде оқу жоспарының міндетті пәндер бөлігінде, тереңдетілген және стандарттық бөліктерінде де келесі өзгерістер енгізілді.

жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10А	11А	недельная	годовая
Инвариантный компонент					
Обязательные предметы					
1	Алгебра и начала анализа	4	4	8	288
2	Геометрия	2	2	4	144
3	Информатика	2	2	4	144
4	Русский язык	1	1	2	72
5	Русская литература	2	2	4	144
6	Казахский язык и литература	3	3	6	216
7	Иностранный язык	2	2	4	144
8	История Казахстана	1	1	2	72
9	Физическая культура	2	2	4	144
10	Начальная военная и технологическая подготовка	1	1	2	72

қоғамдық-гуманитарлық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10Б	11Б	недельная	годовая
Инвариантный компонент					
Обязательные предметы					
1	Алгебра и начала анализа	3	3	6	216
2	Геометрия	1	1	2	72
3	Информатика	1	1	2	72
4	Русский язык	2	2	4	144
5	Русская литература	2	2	4	144
6	Казахский язык и литература	3	3	6	216
7	Иностранный язык	3	3	6	216
8	История Казахстана	2	2	4	144
9	Физическая культура	2	2	4	144
10	Начальная военная и технологическая подготовка	1	1	2	72

жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по	Количество часов в неделю по	Общая нагрузка
---	------------------	------------------------------------	------------------------------------	----------------

		классам	классам		
		10А	11А	недельная	годовая
Предметы по выбору					
Углубленный уровень		2 предмета по 3 часа	2 предмета по 3 часа		
11	Физика	3	3	6	216
12	Химия				
13	Биология				
14	География	3	3	6	216
Стандартный уровень		2 предмета по 1 часу	2 предмета по 1 часу		
15	Всемирная история	1	1	2	72
16	Основы предпринимательства и бизнеса				
17	Графика и проектирование	1	1	2	72
18	Основы права				

қоғамдық-гуманитарлық бағыт-оқыту тілі орысша

№	Учебные предметы	Количество часов в неделю по классам	Количество часов в неделю по классам	Общая нагрузка	
		10Б	11Б	недельная	годовая
Предметы по выбору					
Углубленный уровень		2 предмета по 2 часа	2 предмета по 2 часа		
11	Иностранный язык (второй)				
12	Всемирная история	2	2	4	144
13	География	2	2	4	144
14	Основы права				
Стандартный уровень		2 предмет по 2 часа	2 предмет по 2 часа		
15	Физика	2	2	4	144
16	Химия				
17	Биология	2	2	4	144
18	Основы предпринимательства и бизнеса				

Оқу жоспарына сәйкес міндетті, тереңдетілген, стандарттық бөлімдердегі барлық оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы 1 тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

Пәндер бойынша білім сапасы				
	Жылдар	2020-2021	2021-2022	2022-2023
№		оқу жылы	оқу жылы	оқу жылы 1 жж
Бастауыш буын				

1	Қазақ тілі (к/с)	89,6	83,3	90,4
2	Қазақ тілі (о/с)	86,7	81	84,7
3	Әдебиеттік оқу	92,4	92,1	88,4
4	Орыс тілі (к/с)	90,9	92,7	94,3
5	Орыс тілі (о/с)	95,1	88,6	88,8
6	Ағылшын тілі	91,4	89,9	91,3
7	Математика	92,6	82,1	82,7
8	Дүниетану	92,1	89,8	99,3
9	Жаратылыстану	90,4	89,2	93,9
Негізгі буын				
1	Қазақ тілі	86,5	81,7	82,2
2	Қазақ әдебиеті	89,9	95,02	91,6
3	Орыс тілі мен әдебиеті	84,6	89,6	81,8
4	Орыс әдебиеті	79,8	85,6	79,1
5	Ағылшын тілі	76,2	85,01	83,2
6	Математика	70,9	86,6	77,4
7	Алгебра	55,9	70,5	78,3
8	Геометрия	72,7	78,08	78,1
9	Информатика	89,4	97,2	98,1
10	Жаратылыстану	86,1	96	97,2
11	География	60,3	95,4	94,1
12	Биология	88,8	95,2	93,2
13	Физика	71,9	81,6	80,4
14	Химия	74,4	96,5	87,9
15	Қазақстан тарихы	95,05	85,7	86,4
16	Дүниежүзі тарихы	95,07	91,2	92,0
Орта буын				
1	Қазақ тілі	79,9	65,8	80,9
2	Орыс тілі	96,9	91,8	81,8
3	Орыс әдебиеті	89,3	86,8	86,9
4	Орыс тілі мен әдебиеті	-	-	93,9
5	Ағылшын тілі	93,8	98,2	93,5
6	Алгебра және анализ бастамалары	58,7	58,8	58,3
7	Геометрия	91,1	71,3	81,4
8	География	95,4	96,8	85,8
9	Биология	97,3	96,5	93,3
10	Физика	89,3	71,8	69,1
11	Химия	-	-	96,9
12	Қазақстан тарихы	78,5	89,6	88,8
13	Дүниежүзі тарихы	94,7	95,1	87,8

Оқу озаттары мен екпінділері

	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы 1жж
Оқу озаттары	204	272	317
Оқу екпінділері	357	564	664
Барлығы	561	836	981

Білім сапасы

	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы 1жж
Білім сапасы	77,8	76,4	73,2

2021-2022 оқу жылы қорытындысы бойынша 1372 оқушының 272-ы озат, 564-сі екпінді болып, білім сапасы 76,4 пайызды құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда, -1,4 % төмендеу байқалады. Мұның басты себептері ретінде коронавирус ауруына байланысты пандемия жағдайында 2019-2020 оқу жылының 3-4 оқу тоқсанында және 2020-2021 оқу жылы бойы негізгі және орта буындағы сыныптардың оқушыларының қашықтан оқыту салдарынан туындаған білім олқылықтары және соңғы 2 жылдағы мектеп контингентінің өсуін көрсетуге болады. Осы үрдіс 2022-2023 оқу жылында да сақталып отыр. Алайда 2022-2023 оқу жылының 1 оқу тоқсаны мен 2 оқу тоқсанын салыстыратын болсақ +1,1 % өсім байқалады.

Дарынды оқушылармен жұмыс барысында элективті курстардың, таңдау курстарының сапалы жүргізілуінің нәтижесінде көрсетілген жылдар барысында қомақты жетістіктерді атап өтуге болады. Байқаулар мен олимпиада, және басқа да зияткерлік сайыстарға оқушылардың қатысы 2020-2021 жылы 863 болса, келесі 2021-2022 оқу жылында 1358 оқушыға өсті, ал 2022-2023 оқу жылында 1609 оқушы сайыстарға қатысуға ынталанған болатын. Соның ішінде 2020-2021 жылында қалалық деңгейдегі жетістік саны 39, облыстық деңгейде – 33, ал республикалық 45 болған. Ең нәтижелі жыл ретінде 2021-2022 оқу жылын атауға болады, себебі қалалық нәтиже саны 149, облыстық нәтиже де 91ге өсті, ал республикалық нәтиже 73 жетті. Биылғы 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығында да оқушылар сайыстарға белсенді қатыса отырып, қалалық – 120, облыстық - 83 және республикалық – 60 жүлделі орынды иеленді. Халықаралық сайыстардың өсу динамикасы қарқынды болмағанмен, тұрақты өсу векторы бойынша қозғалып келеді: 2021-2022 оқу жылы – 1, 2021-2022 оқу жылы -2, 2022-2023 оқу жылы -3

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Эстетикалық бағыттағы гимназия - бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылардың бейіні бойынша қоғамдық – гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытында тереңдетілген және бейімділігі мен қабілеті бойынша эстетикалық бағыттағы қосымша білім беруді көздейтін оқу орны болғандықтан осы бағыттағы оқу – тәрбие үдерісі 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына төмендегідей ұйымдастырылды.

Эстетикалық бөлім үш бағытта жұмыс жүргізеді және жеке оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істеуді жоспарлап, мемлекеттік білім беру стандартына сай әрекет етеді.

Эстетикалық бөлімінің оқу жоспары төмендегі көрсетілген бағдарламаға негізделген:

- 2019 жылғы 4 ақпандағы ҚР білім және ғылым Министрлігінің №56 бұйрығы, 2011 жылы 29 желтоқсан №543 ҚР білім және ғылым Министрлігінің бұйрығы негізінде қарастырылып өнер мектебі және балалар музыка мектебі бағдарламасы және типтік оқу жоспарына сәйкес бекітілді.
- (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 81 бұйрығы).Қазақстан Республикасында балаларға арналған қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.

Мақсаты: білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып жүйе құру, музыка мектебінің ерекшеліктері, шығармашылықты қалыптастыру мақсатында жалпы мамандандырылған сипаттағы пәндерді енгізу.

Оқу бағдарламасы оқу бағытына сәйкес білім беруді саралауға, оқушылардың білімін дамытуға және кәсіптік бағдар беруге бағытталған.

2020-2021 оқу жылында Эстетикалық бөлімінің оқу жоспары төмендегі көрсетілген бағдарламаға негізделген:

- 2019 жылғы 4 ақпандағы ҚР білім және ғылым Министрлігінің №56 бұйрығы, 2011 жылы 29 желтоқсан №543 ҚР білім және ғылым Министрлігінің бұйрығы негізінде

қарастырылып өнер мектебі және балалар музыка мектебі бағдарламасы және типтік оқу жоспарына сәйкес бекітілді.

- (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 81 бұйрығы).Қазақстан Республикасында балаларға арналған қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.

2020-2021 оқу жылында жалпы білім алушылардың контингенті 456 оқушы құрап, оның ішінде музыкалық бағытында 232 оқушы, хореография бағытында 120 оқушы, көркем-өнер бағытында 104 оқушы білім алды.

2020-2021 оқу жылының жоспарына сәйкес эстетикалық бөлімінің пәндері бойынша барлық бақылау сабақтары, аспаптар бойынша техникалық сынақтар, академиялық емтихандар, бітірушілердің тыңдалымы өткізілді.

Бірінші жартыжылдықтың үш бағыт бойынша білім сапасы:

Музыкалық бөлім- 90,36 %

Хореография бөлімі-100 %

Көркем-өнер бөлімі-100%

2020-2021 оқу жылының екінші жартыжылдығында эстетикалық бөлімінде оқитындар саны 434 оқушыны құрды, оның ішінде музыкалық бөлімінде 207оқушы, хореография бөлімінде 120 оқушы, көркем-өнер бөлімінде 107оқушы .

Екінші жартыжылдықтың үш бағыт бойынша білім сапасы:

Музыкалық бөлім- 92,54%%

Хореография бөлімі-100 %

Көркем-өнер бөлімі-100%

2020-2021 оқу жылында эстетикалық бөлімінің музыкалық бағыты бойынша 6 оқушы толық курсын тәмамдап,бітіру туралы құжаттарына ие болды.

2021-2022 оқу жылында эстетикалық бөлімге үш бағыт бойынша 356 оқушы қабылданды. Жалпы білім алушылардың контингенті 716 оқушы құрып ,оның ішінде музыкалық бағытында 272 оқушы, хореография бағытында 168 оқушы, көркем-өнер бағытында 276 оқушы білім алды.

2021-2022 оқу жылының жоспарына сәйкес эстетикалық бөлімінің пәндері бойынша барлық бақылау сабақтары, аспаптар бойынша техникалық сынақтар, академиялық емтихандар, бітірушілердің тыңдалымы өткізілді.

Бірінші жартыжылдықтың үш бағыт бойынша білім сапасы:

Музыкалық бөлім-54,93%

Хореография бөлімі-100 %

Көркем-өнер бөлімі-100%

2021-2022 оқу жылының екінші жартыжылдығында эстетикалық бөлімінде оқитындар саны 622 оқушыны құрды, оның ішінде музыкалық бөлімінде 252 оқушы, хореография бөлімінде 148 оқушы, көркем-өнер бөлімінде 222оқушы . Оқу жылының соңында үш бағыт бойынша білім алушылар саны 540 оқушыны құрдып оқу жылын аяқтады.

Екінші жартыжылдықтың үш бағыт бойынша білім сапасы:

Музыкалық бөлім-73,80%

Хореография бөлімі-100 %

Көркем-өнер бөлімі-100%

2021-2022 оқу жылында эстетикалық бөлімінің музыкалық бағыты бойынша 10 оқушы толық курсын тәмамдап,бітіру туралы құжаттарына ие болды.

2022-2023 оқу жылында эстетикалық бөлімге екі бағыт бойынша 92 оқушы қабылданды. Жалпы білім алушылардың контингенті 506 оқушыны құрады ,оның ішінде музыкалық бағытында 206 оқушы, хореография бағытында 155 оқушы, көркем-өнер бағытында 145 оқушы білім алуа.

Музыкалық бағыт бойынша оқыту келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- фортепиано, оқу мерзімі -7 жыл (8-9 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- скрипка, оқу мерзімі - 7 жыл (8-9 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- вокал, оқу мерзімі -5 жыл (6-7 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- Қазақтың халық аспаптары – домбыра, қобыз – оқу мерзімі 5/7 жыл;

- дәстүрлі ән, оқу мерзімі 5 жыл (6-7 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- Орыс халық аспабы баян, оқу мерзімі – 5 жыл (6-7 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- флейта, оқу мерзімі – 5 жыл (6-7 ж. кәсіптік бағдар беру тобы)
- хореография, оқу мерзімі 5/9 жыл;
- көркем-өнер, оқу мерзімі 4 жыл (даярлық топ 5-6,7-8,9-10,10-11 жас)

Білім алушылар дүниежүзілік және қазақтың ұлттық мәдениетін зерттейді, өмірде кездесетін мәселелерге, шығармашылық көзқарасқа, өнерді қабылдауға үйренеді.

Оқу жоспары келесі бөлімдерден тұрады:

- фортепиано;
- скрипка;
- вокал;
- Қазақ халық аспаптары – домбыра, қобыз;
- дәстүрлі ән айту;
- Орыс халық аспаптары – баян;
- хореография;
- көркем-өнер;

Эстетикалық бөлімінде үш бағыт бойынша топтық сабақтардағы үлгерім мен қатынасу есебінің журналы және музыкалық аспап бойынша жеке оқу жоспары, жүргізіледі:

1-9 сыныптардың фортепиано, скрипка, домбыра, қобыз, баян, флейта» мамандығы бойынша оқу жоспарларында оқу бағдарламасының нұсқалары сақталды.

Музыкалық аспаптар және вокал, дәстүрлі ән бойынша оқу жоспарының сағаттары 5/7-5/9 жылдық оқытудың типтік жоспарына сәйкес бекітіледі:

Сольфеджио-2 сағат 1-9 сыныпта;

Топтық музыка (хор) –1-9 сыныптар 1 сағат.

Музыка әдебиеті – 2-7 сынып 1 сағат;

Концертмейстер сағаттары :

Хор және арнайы класс: домбыра, қобыз, скрипка, флейта,вокал– аптасына 0,5 сағат;

Хореография бағыты бойынша оқу жоспарының сағаттары 5/9 жылдық оқытудың типтік жоспарына сәйкес бекітілді:

Классикалық би – 1-2 сыныптарда 2 сағат, 3-9 сыныптарда 4 сағат;

Халықтық сахналық би – 4-9 сыныптарда 4 сағат;

Ырғақ – 1-2 сынып 2 сағат, 3 сынып 1 сағат;

Музыкалық грамота– 1-4 сынып 1 сағат;

Қазіргі замануи би- 1-9 сынып 1 сағат;

Қазақстан хореографиясы -4-6 сынып -1 сағат;

Шетелдік хореографиясы-5-7 сынып-1 сағат;

Таңдаған пән – 1-9 сынып қосымша аспап, народный танец -1 сағат

Көркем-өнер бойынша оқу жоспарының сағаттары 4 жылдық оқытудың типтік жоспарына сәйкес бекітіледі: көркем-өнер бағытына дайындық тобы кіреді.

Сурет (даярлық топ) 5-6 жас-2 сағат, 7-8 жас-3 сағат, 9-10 жас-3сағат;

Мүсін өнері(даярлық топ) – 5-6 жас-2 сағат, 7-8 жас-3 сағат, 9-10 жас-3сағат;

Сәндік қолданбалы өнер(даярлық топ) - 5-6 жас-2 сағат, 7-8 жас-3 сағат, 9-10 жас-3сағат;

Сурет (даярлық топ)-10-11жас-2сағат;

Кескіндеме (даярлық топ)- 10-11жас-2сағат;

Композиция (даярлық топ)- 10-11жас-3сағат;

Мүсін өнері(даярлық топ)- 10-11жас-2сағат;

Компьютерлік графика және дизайн-7-8,9-10,10-11 жас-1 сағат;

Негізгі сынып:

Сурет-1-2 сынып-3 сағат,3-4сынып -4 сағат;

Кескіндеме-1,2,3,4 сынып-3 сағат;

Станокты композиция-1 сынып-3 сағат,2,3,4 сынып-2 сағат;

Қолданбалы композиция-2,3 сынып-1 сағат;

Мүсін өнері-1,2,4 сынып -2 сағат,3 сынып-1сағат;

Бейнелеу өнер тарихы-1,2,3 сынып-1 сағат,4 сынып-2 сағат;

Компьютерлік графика және дизайн-1,2,3,4 сынып-1сағат;

Таңдау пәні(құрақ пластикасы)-3,4 сынып-1сағат;

Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылып, барлық мұғалімдер уақытылы жоспарларын өткізді. Мұғалімдердің жоспарлары белгіленген бөлімдерге сәйкес жасалып, бөлімдері анықталып, сағат саны сәйкесінше бөлінген.

ЭБМГ-да қосымша білім беру үш бағытта жұмыс істейді:

(Ақпарат ретінде: 2020-2021 оқу жылында қосымша білім беру қызметі болмаған)

2021-2022 оқу жылында:

- спорттық бағыт: грек-рим күресі, шахмат, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, каратэ, шаңғы даярлығы, грэпплинг.
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Ажур» қолданбалы өнер үйірмесі, ритмика.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Эверест» пікірсайыс клубы.

2022-2023 оқу жылында:

- спорттық бағыт: шахмат, тоғызқұмалақ, каратэ.
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Ажур» қолданбалы өнер үйірмесі,.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Эверест» пікірсайыс клубы (қазақ тобы), «Эрудит» пікірсайыс клубы (орыс тобы).

Бұл үйірмелер, секцияларға 1-11 сыныптарының (1,2 ауысым) балалары қатысады. Сабақ формасы - топтық.

Есепті кезең ішінде қосымша білім беру педагогтары түрлі іс-шаралар өткізді, мысалы: «Шаңғы даярлығы» секциясының оқушылары жорықтар, өлкетану жорығы-туған өлкенің табиғатымен танысты, «Хореографиялық өнер», «Шахматтың даму тарихынан» тақырыбында сабақ-әңгімелер, мектеп-гимназия оқушылары арасында мектепішілік пікірталастар өткізілді, тоғызқұмалақтан 2-БЖСМ аға жаттықтырушысы Бауыржан Нұрғазыұлының қатысуымен ашық сабақ, оқушыларға арналған шахмат бойынша шеберлік сыныбы өткізілді.

Сонымен қатар, қолданбалы өнер мұғалімдері қолданбалы өнер үйірмесі оқушыларының көркем шығармаларының тұрақты көрмелерін ұйымдастырады. Сондай-ақ, қосымша білім беру педагогтары каникул кезеңінде оқушылардың ата-аналарын тарта отырып іс-шаралар өткізді: ата-аналар мен балаларға арналған мастер-класстар, каратэ, тоғызқұмалақ, волейбол бойынша, ата-аналар мен балалардың қатысуымен сурет салу және панно жасау бойынша шеберлік сыныптары өткізілді.

Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлескен шығармашылық қызмет арқылы отбасын бірыңғай білім беру кеңістігіне тарту.

2021-2022 оқу жылында спорт секцияларына 279 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелерге 69 оқушы қатысты. Ұзартылған күн топтарына қатысқан балалар үшін шахмат, римика, қолданбалы өнер бойынша үйірмелер өткізіледі. Оқушыларды спорт секцияларымен, үйірмелермен қамту оқушылардың жалпы санының 54% -н құрады. 2022-2023 оқу жылында үйірмелерге, қосымша білім беру секцияларына қатысатын оқушылардың жалпы саны 350 оқушыны құрайды. Спорттық бағыт – 150 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелер – 200 оқушы.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде оқу жоспары жасалды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 тіркелген (8-қосымша).

Үйірмелердің, оқу жоспары секцияларының барлық бағыттары бойынша оқу бағдарламалары бар. Секциялардағы, үйірмелердегі сабақтардың ұзақтығы 1 академиялық сағат (45 минут).

Қосымша білім беру оқушылары мен педагогтары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық жарыстарда, конкурстарда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді.

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясының спорт секциялары мен үйірмелері мүшелерінің шығармашылық жетістіктері

Оқу жылы	Халықаралық немесе республикалық спорттық,	Облыстық шығармашылық және	Қалалық, спорттық, шығармашылық және
----------	--	----------------------------	--------------------------------------

	шығармашылық және мәдени конкурстар мен байқаулар		мәдени конкурстар мен байқаулар		мәдени конкурстар мен байқаулар	
	Жүлдегерлер саны	Жүлдегерлер үлесі	Жүлдегерлер саны	Жүлдегерлер үлесі	Жүлдегерлер саны	Жүлдегерлер үлесі
2020-2021	28	3.2	48	5.5	255	29.5
2021- 2022	181	13.2	63	4.6	272	20
2022 - 2023	65	4	21	1.3	209	12,9
Барлығы	274	7.1	132	3.4	736	19,2

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясында тәрбие жұмысының 2020-2021 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары «Рухан жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде құрылып, мектеп директорымен бекітілген.

Мектептегі тәрбие жұмысы келесі нормативтік құжаттар негізінде жүргізілген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);

- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2016 жыл»;

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы.

Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбына «Инновациялық жүйенің моделін енгізу арқылы зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамыту» алынған. Оқу жылына қойылған мақсатына «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу және олардың бойында рухани-адамгершілік, құқықтық, патриоттық, жапсырадамзаттық қасиеттерді қалыптастыру көрсетілген.

Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылған.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталған. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика - оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргізілген. Оқушыларды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылауда. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейтіндігін анық көре аламыз.

Сынып жетекшілер бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарып, жылына 5 рет сынып жетекшілер әдістемелік отырыстар өткізілген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылған.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу мақсатында дәстүрлі түрде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиындар, «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ», «Мәңгілік ел» патриоттық акциясы шеңберінде бірыңғай ашық тәрбие сағаттары өткізілген. Сонымен қатар, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 2020 жылдың 25 қараша мен 14 желтоқсан аралығында «Тәуелсіздік – ел бақыты» атты іс-шара ұйымдастырылған.

2021 жылдың 5 ақпан күні мектеп-гимназиямызда 3,4,5 сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ән-жырымның арқауы – Тәуелсіздік!» атты патриоттық әндер байқауы өткізілген.

19 ақпан күні ЭБМГ базасында 9 сынып оқушыларымен Ауған соғысының 32 жылдығына арналған «Мәңгі естелік» тақырыбында кездесу өткізіліп, кездесуге қонақ ретінде ауған соғысының ардагері Нуканов Мирлан Аманжолович шақырылған.

2021 жылдың 11 наурыз күні zoom платформасында теолог А.Нұрахметұлымен кездесу өткізілген.

Қалалық білім беру бөлімінің Наурыз мерекесінің тұжырымдамасына сәйкес 16 наурыз "Ата - баба рухына мың тағзым" атты ескерткіштерге гүл қою рәсіміне 9 «А» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Б.Т.Баймухамбетов барып, Ұлы Отан соғысының жауынгерлерінің ерлігін еске алу үшін «Стелла» алаңында гүл қойылған.

Дәстүрлі түрде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1- 5-сынып оқушыларын «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарына қабылданып тұратынын көрсетілген.

оқу жылы	«Жас ұлан»	«Жас қыран»
2020-2021	95	500

Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қол сұғушылық, құқықбұзушылықтың және кибербуллингтің алдын алу мақсатында жыл бойы құқық қорғау органының өкілдерімен «Өзіңді қорға» атты кездесу өткізілген.

Кездесулерге сынып жетекшілер, оқушылар және Орал қаласы ПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ полиция капитаны Д.Т.Мажитова, Т.Т.Камешов пен А.Спашев қатысқан.

Рухани-танымдық тәрбие бағытында халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын азаматтарға қамқорлық көрсету, олардың жағдайларына көңіл бөлу мақсатында 2020 жылдың 1 қазаны мен 1 қарашасы аралығында «Мейірбандық күндері» облыстық қайырымдылық айлығы, «Алғыс айту» күні өткізілді. Тәрбие жұмысының жоспары сәйкес 1-11 сыныптар арасында Қарттар күніне орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. Айлық барысында 09.10.2020 жылы 1-7 сынып оқушылары арасында «Қамқорлық», «Мейірімділік», «Қайырымдылық» тақырыбында көркем-сурет көрмесі ұйымдастырылған.

2020 жылдың 12 қазан күні мектеп оқушыларын мейірімді болуға шақыру мақсатында 1-4 сынып оқушылары арасында «Қамқорлық – менен және сеннен басталады!» атты насихаттау, үгіттеу жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылған.

«Мейірбандық күндері» қайырымдылық айлығы аясында 2020 жылдың 15-28 қазан аралығында «Қамқорлық», «Мейірімділік», «Қайырымдылық» тақырыбындағы презентация (7-9 сыныптар), «Қамқорлық – адамгершіліктің белгісі» тақырыбында эссе (8-9 сыныптар) және «Жақсылық жасауға асығайық» видеоролик (10-11 кл) байқаулары өткізілген.

Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы кітап арқылы келетіні түсіндіру мақсатында мектеп кітапханасымен, М.Горький атындағы қалалық кітапханамен, Хамза Есенжанов атындағы тығыс байланыста жұмыс жасап, көптеген шараларға, байқауларға белсене қатысудамыз. «READx» оқырмандар конференциясын өткізу мектебімізде дәстүрге айналған. «20 минут кітап оқу, 3 минут эссе жазу» жобасы бойынша жұмыстанған.

Қаламыз бойынша биылғы оқу жылында «Қайырымдылық істер» марафонны жүзге асырылған. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері Сарсенбай Гульдана Талаповна мен Қдиршаева Диана Газизовнаның ұйымдастыруымен "Мейірім шуағы" қайырымдылық акциясы өткізілген. Акция барысында мектеп-гимназия оқушылары мен ата-аналары, мұғалімдері балаларға арналған ойыншықтар мен кітаптар жиналған. Қайырымдылық акциясына "Достық" еріктілер клубының жетекшісі Чудобаев Талғат жәрдем берген. 2021 жылдың 14 ақпанында барлық жиналған заттар балалар ауылына табысталған.

2021 жылдың 16,19 наурыз күні «Қайырымдылық істер» марафоны республикалық жоба аясында «Мейірімділік әлемді құтқарады» атты акциясы өткізілген. Акция барысында «Қоғамға қызмет» еріктілер клубының мүшелері 9 сынып оқушылары мен сынып жетекшімен қарттар үйіне барып, қарт адамдарға тәттілер тарту етілген.

Биылғы оқу жылында мектеп-гимназиямызда «Әдебиет сағаты» жобасын енгізілген. Онда атаулы той иелерін (ақындар, батырлар, т.б.) және мерекелерді атап өту мақсатында апта бойы радиорубкадан мәліметтер мен өлеңдер, шығармалар оқылған.

Ұлттық тәрбие бағытында өлкенің тарихын, маңызды оқиғаларын, белгілі тұлғалардың тарихын білу бойынша зияткерлік іс-шаралар, «Мақтанышым – Астанам» тақырыбында байқаулардың, конкурстар өткізілген. 2017 жылы мектебіміздің оқушылары Астана қаласында өткен «EXPO – 2017» халықаралық көрмеге қатысқан. «Туған өлке соқпақтары», туристік-өлкетану маршруты мен сайысы, жас өлкетанушыларымыз туристердің және экологтардың жыл сайынғы қалалық және облыстық слеттер мен форумдарға қатысқан.

14 наурызда мектебімізде «Көрісу айт» мерекесі тойланып, Наурыз мерекесіне орай әдет-ғұрып, салт-дәстүр, қолөнер, ұлттық тағамдар бойынша сайыс, мерекелік концерт, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерді көрсету шаралары өткізілген. 2018-2019 оқу жылында шараға қазақ елінің салт-дәстүрін дәріптеп, қазақтың жүйрік аттарын қастерлеп, оларды баптап, бәйгеге қосуын дәріптеп, зерттеп жүрген, бапкерлік өнердің іскерлік шебері, Атбегі Зейнуллин Алтай Сәбитұлы және «Орал өңірі» газетінің журналисті, Атбегілік ұлттық технологияны насихаттап жүрген ел азаматы Сафиуллин Нұртас шақырылған. Оқушыларға өнегелі әңгімелер айтылып, атбегілік туралы көптеген мәліметтер айттылған.

«Өркен» кітапханашылар желілік қауымдастығы ұйымдастырған «Ауыл – менің ғұмырым» атты әдеби қонақжайдағы сырласу кеші жерлесіміз ақын, Жұбантанушы Үзілдік Елеубайқызымен өткізілген.

Отбасылық тәрбие беру мақсатында мектебімізде қамқоршылар кеңесі және ата-аналар комитеттері белсене жұмыс жасалған. Мектеп қызметіне ата-аналардың қатыстыру мақсатында «Әкелер» әкелер, «Ұлағатты ана» аналар клубтары жұмыс жасалынған.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында алдын алу шаралары, жеке кеңестер, онлайн вебинарлар ұйымдастырылған.

Жылына 4 рет жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілген. Мектеп-гимназияда құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 2020 жылдың 18 қараша күні құқық қорғау органының өкілімен бірге «Құқықтық тәрбиелеудегі отбасының ролі» атты онлайн режимінде ата-аналар жиналысы ұйымдастырылған.

Жиналысқа 5 сынып ата-аналары мен шақырылған КТЖ инспекторы Мажитова Дарига Тлековна қатысқан.

2021 жылдың 18 ақпан күні ЭБМГ-ның кітапханасында «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында **READx** жобасы оздырылған.

Жобаға 2,6 сынып оқушылары мен ата-аналар қатысқан. Қатысқан спикерлердің өздерінің кітап оқуға деген сүйіспеншіліктері қалай басталғаны, сүйікті кітаптары туралы таныстырылып, қысқаша кітаптардың өмірбаяндарына және шығармаларының қызықты жерлеріне тоқталып, оқырмандар оқуға тартылған.

READx жобасына белсенді қатысқаны үшін спикер оқушылар мен ана-аналарға «Алғыс хаттар» табысталынған.

22 сәуір Халықаралық Жер күніне орай, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайындағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты қазақстан халқына Жолдауының 7-бөлімін іске асыру, өсіп келе жатқан ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және білім алушылардың қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін зерттеуге тарту мақсатында мектеп-гимназияда 2021-2025 жылдарға арналған «ЭКОМЕКТЕП» жобасының енгізілуіне орай 17 сәуір күні ата-аналармен бірлесе отырып «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында тәрбие жоспарына сай жыл бойы экологиялық тәрбие сағатты өткізіліп отырылған. «Құстарды тамақтандыр» атты еріктілер жұмысы да жыл бойы жалғасын тапқан. Соның нәтижесі ретінде 1-сынып оқушысы Салыхова Амина Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі "Мәдениет және демалыс саябағы" МКК ұйымдастыруымен 2021 жылдың 1 наурызында өткен «Қанатты достарға қамқормыз» атты құстарға ұя жасау жарысына белсене қатысқаны үшін сертификат иеленген. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайындағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты қазақстан халқына Жолдауының 7-бөлімін іске асыру, өсіп келе жатқан ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және білім алушылардың қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін зерттеуге тарту мақсатында мектеп-гимназиямыз 30 мектеп құрамына еніп, көптеген акциялар өткізілген.

Экологиялық акция, жобаларға туралы мәлімет

№	Шара атауы	Тартылатын сыныптар	Қамтылған оқушы саны	
			сәуір айының басы	сәуір айының аяғы
1	«Терезедегі зертхана» жұмысы	1-5 сыныптар	15 тәрбиеші	15 тәрбиеші
2	«Мен жасаймын!» жобасы 1. «Жасыл қалемше» акциясы 2. «Макулатураны тапсыр да, ағаштың өмірін сақтап қал» акциясы	1-11 сыныптар	30 оқушы 15 ата-ана, педагогтер	40 оқушы, 20 ата-ана, педагогтер
3	«Жердің иесімін» жобасы «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы	8-11 сыныптар	20 оқушы, 25 ата-ана, педагогтер	30 оқушы, 30 ата-ана, педагогтер
4	«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ...» жобасы	1-11 сыныптар	10 оқушы	15 оқушы
5	«Табиғатым байлығым» эко-арт жобасы	1-11 сыныптар	10 оқушы	15 оқушы

Сонымен қатар, олбыс әкімінің «Менің аулам – менің бағым» жобасы аясында мектеп-гимназия ауласында 3а,б сыныптарының «Алма бағы» бой көтерді (14 алма ағашы егілді).

Ағымдағы жылдың 16 сәуір күні «ЭКОМЕКТЕП» жобасы аясында оқушылар Қадыр Мырза Әлі атындағы алаңға шығып, экологиялық акция өткізілді. Акция барысында оқушылар жаднымалар таратып, қала тұрғындарынан сұхбат алды және алаңның аумағын қоқыстардан тазартты.

17 сәуір күні ЭКОМЕКТЕП жобасы аясында "Су - тіршілік көзі" атты экологиялық тәрбие бағытында шара өтілді. Шараның өзі үш кезеңнен тұрды:

1.Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Бірлік ауылынан келетін газдалмаған табиғи минералды су JAIQ WATER амбассадоры Кунеев Мұса Сансызбайұлымен сұхбат жүргізілді. Сұхбатта JAIQ WATER шығу тарихы, судың құрамы, адам денсаулығына пайдасы және судың болашағы турасында еркін алаң өткізілді.

2.Табиғат ортасын қорғау мақсатында қала орталығындағы Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіш маңындағы Жайық өзінің жағалауын тазалау жұмыстарымен айналысты.

3.Ой – пікірмен бөлісу форматында оқушылар өзара суды үнемдеу жолдарымен бөлісті және бір-бірімен іс жүзінде тәжірибе алмасып суды үнемдеп қолдануға шақырып, көрсете білді.

Алдағы экомектеп жобасы аясында түрлі креативті шаралар өтіп, барлық қоғамда экологиялық тәрбие қалыптасатынына сенім мол.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Көркем-эстетикалық тәрбие бойынша жыл бойы тәрбие сағаттары, көрмелер, байқаулар өткізіліп, оқушылар облыстық қалалық деңгейдегі жарыстардан жүлделі орындар алған. Островский драма театрында өткізіліп отыратын қойылымдарға оқушылар белсене қатысқан.

2021 жылдың 5 ақпан күні мектеп-гимназияның кітапханасында «Жас Ұлан» мүшелері мен тәлімгер Г.М.Джалмишеваның ұйымдастыруымен 2 сынып оқушылары арасында « Әдеп және біз» тақырыбында дөңгелек үстел оздырылды. Шараның мақсаты: әдеп туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың жалпы мәдениетін дамыту.

Оқушылар «әдеп» терминімен және оның мәнімен, тарихымен танысты. 5 «б» оқушыларының «Жас Ұлан» мүшелері (Мурзағалиева А., Хихлухина О.,Жумалиева К., Козаченко М.,Дыкина Г.) «Әдеп» туралы мағлұмат берді. Тәлімгер Г.М.Джалмишева оқушылар арасында ойындар өткізіп, жағдаяттар шешкізіп, дұрыс жауаптарын талқылады. Оқушылар шара өте белсенді, қызығушылықпен қатысты.

Қазақстанда тұратын қазақ халқы мен басқа да этникалық топтардың мәдени мұраларын, салт-дәстүрлерін білуге, құрметтеуге арналған ертеңгіліктер, кездесулер жүргізіледі. «1 мамыр – достық, бірлік, ынтымақ күні» тақырыбында БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге БҚО ҚХА «Ламед» ефрей этномәдени бірлестігінің төрағасы Ф.А.Баюканский, «Ағайын» қазақ этномәдени бірлестіктерінің төрағасы А.М.Бигалиев және БҚИТУ-нің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры А.Н.Абекешов қатысты.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мектепте «Робототехника» үйірмесі жұмыс жасалған. Жұмыс барысымен облыс, қала деңгеткен семинарларда көрсетіліп тұрады.

Оқушылардың ойлау қабілетін жақсарту, тез шапшаңдыққа баулу, үзілісті тиімді пайдалану мақсатында рубик текшесі ойыны ойнатылған. 2021 жылы қалалық «СпидКубинг» сайысында 5 «а» сынып оқушысы Глафира Дыкина сертификат иеленді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Үнемі денсаулық фестивальдары, спартакиадалар өткізіліп, «Денсаулық күндері» ұйымдастырылған.

Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін қалыптастыру мақсатында көптеген спорт түрлері бойынша шаралар оздырылды.

2021 жылдың 5 ақпан күні 9-11 сынып қыздары арасында «Өсіп келе жатқан ортадағы адамгершілік, жыныстық тәрбиенің алдын алу» тақырыбында денсаулық сақтау ұйымдарының мамандармен кездесу өткізілді. Кездесуге дәрігер, «Темір жол» емханасының медициналық

орталығының бөлім басшысы Т.С.Ерубаев пен «БИОНОРИКА» аймақтық медициналық фирмасының өкілі Г.Ш.Дюсюкова шақырылды.

Кездесу барысында жасөспірімдердің анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктері, қабыну ауруларын емдеудің негізгі әдістері және жыныстық тәрбиенің алдын алу туралы мәселелер қаралды. Сонымен қатар, оқушыларға сауалнама жүргізілді.

Оқушыларға темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерін ашу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында ағымдағы жылдың 12 наурыз күні ЭБМГ базасында №5 емханасы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» бөлімінің мамандары А.А.Байгудеев пен Л.М.Кужагельдинамен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге қатысушылар: 9,11 сынып оқушылары, сынып жетекшілер, мектеп-психологы, әлеуметтік-педагог, ДТІЖ орынбасары, медбике.

Кездесу барысында бейнероликтер көрсетіліп, темекінің зияны туралы толық мағлұмат айтылып, жадынамалар таратылды. Шараға оқушылар белсенді қатысты.

2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда 2020-2021 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша облыстық, қалалық деңгейде өткен байқауларға белсене қатысқан. Еліміздегі төтенше жағдайына байланысты көпшілік шаралар онлайн өткізілді, дегенменде сынып жетекшілер де, оқушыларда түрлі байқауларға қатысып, өз белсенділіктерін танытты. Атап айтқанда, оқушылар қалалық «Город в кадре» байқауында 3 грамота, қалалық Тұңғыш Президент және ҚР Тәуелсіздік күніне орай өткізілген эссе байқауында 3 диплом, қалалық Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Қош келдің, әз-Наурыз» қалалық қашықтық байқауында 5 диплом және облыстық «Бізді күтер бір бақыт» байқауында 2 диплом, т.б. иеленді.

Жоғарыда өткізілген іс-шаралар білім беру мен тәрбие жұмысының біртұтастығын көрсетеді. Барлық шаралар әлеуметтік желіде жарияланып отырады.

Эстетикалық бағыттағы гиназияның **2021-2022 оқу жылына** тәрбие жоспары:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);
- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2016 жыл»;

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізге ала отырып, эстетикалық бағыттағы гимназияның тәрбие жұмысының жүйесі «Мәңгілік ел» құндылықтары мен Отанға деген сүйіспеншіліктері жоғары, адами құндылықтарды бағалайтын, шығармашыл, көшбасшы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып, жүргізіледі.

- 1) Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2) Рухани-танымдық тәрбие.
- 3) Ұлттық тәрбие.
- 4) Отбасылық тәрбие.
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2021-2022 оқу жылында Білім күніне арналған «Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиын, сонымен бірге «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, ұйымдастырылған шаралар әлеуметтік желіге жүктелген. (<https://www.instagram.com/p/CTUh-KjsM-J/?igshid=YzdkMWQ2MWU>) Сонымен қатар «Жас Ұлан» ББЖҰ – ның және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектеп оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізіліп, (https://www.instagram.com/tv/CX_3OI9gzAa/?igshid=YzdkMWQ2MWU) ұйымға барлығы 156 оқушы қабылданған. https://www.instagram.com/tv/CWI_0UkMzf7/?igshid=YzdkMWQ2MWU)

Сондай – ақ ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» тақырыбында арнайы іс шаралар жоспары құрылып, іс-шара аясында «Достық» клубының ұйымдастыруымен 13.11.21ж. 5-10 сынып оқушыларына «Бірлігіміз жарасқан» би марафоны, 04.11.21ж күні дене тәрбиесі пәні бірлестігі «Көңілді старт» атты мектеп ұстаздарына арналған көңілді эстафеталық ойын, (<https://www.instagram.com/tv/CV--nybAo9e/?igshid=YzdkMWQ2MWU>) 03.12.21ж. күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай оқушылар арасында «Хор-paty» патриоттық әндер байқауы, (<https://www.instagram.com/tv/CW-vbJGMq2n/?igshid=YzdkMWQ2MWU>), 12.11.21ж. қазақ тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тұғыры» атты мектепшілік көркем сөз оқу сайысы өткізіліп, барлық қатысушылар дипломдармен марапатталған. 06.12.21ж. «Тәуелсіздік құрдастарымен кездесу» өткізілген. (<https://www.instagram.com/p/CXMVieaMDM5/?igshid=YzdkMWQ2MWU>) 1-10.12.21ж. 1-11 сыныптарда «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты барлық сыныптарда тақырыптық тәрбие сағаттары оздырылған. (<https://www.instagram.com/p/CTUh-KjsM-J/?igshid=YzdkMWQ2MWU>), (<https://www.instagram.com/p/CXiMAXdMZMb/?igshid=YzdkMWQ2MWU>), (<https://www.instagram.com/tv/CXrWh2HMTqB/?igshid=YzdkMWQ2MWU>) Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыстар да орын алғаны байқалады. Көркем өнер оқытушылары ата-анамен бірлесе патриоттық идеяны іске асыру мақсатында байқау – көрме өткізген.

Экожоба аясында «30 жылдыққа 30 гүл» акциясы өтіп, оқушылар ата-аналарымен бірлесе экосада 30 түп гүл егілген. (<https://www.instagram.com/tv/CXQ9JYos4YS/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>). 11.12.21 жылы «Тәуелсіздік айбыным» атты мұғалімдер арасында пікірталас ойындары өткізілген. (<https://www.instagram.com/p/CXYepfCM9Bw/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) Оқушылар арасында «Тәуелсіздік бақыт жолы» онлайн челенджи оздырылған. (<https://www.instagram.com/tv/CXSc2YDIuj5/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>).

Бастауыш сыныптар арасында «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты мәнерлеп оқу сайысы өтіп, дипломдармен марапатталған және суреттер көрмесі ұйымдастырылған. (<https://www.instagram.com/tv/CXQZN5ptp-E/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыстық карате –до шотокан оқушыларымыз жүлдерлі орындар алған. (<https://www.instagram.com/tv/CXrcI83rtal/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) Қалалық «Ән Стар» байқауында Марат Румия 1 орын иеленген. (<https://www.instagram.com/p/CXvMLn6MYOS/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 14.12.21ж күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» атты сазды бағдарлама оздырылған. (<https://www.instagram.com/p/CXiMAXdMZMb/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) Ұлы Жеңістің 77 жылдығы мен отан қорғаушылар күніне орай 1-11 сыныптарда тақырыптық тәрбие сағатты өткізілген. Ақпан айында «Отанға құрмет» және «Даму» құндылықтарын іске асыру барысында 01.02.22 күні «Ауған асуында от кешкендер» ауған ардагерлерімен кездесу кеші, (<https://www.instagram.com/p/CaKKvMxMeXy/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 08.02, 15.02.22 күндері «Патриоттық ән рухты жандандырады» караоке рату, (<https://www.instagram.com/tv/CXfyAV7M7cq/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) балалар жылына орай рубик текшесін жинау бойынша спидкубинг ойыны, (<https://www.instagram.com/tv/CZj3nE2svcG/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 3 «ә» сынып жетекшісі Мырзахметова А.Т. «Туым – намысым, ұраным – бірлік, рәміздерім – мақтанышым», (<https://www.instagram.com/tv/CXhVteAt1NW/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 12.02.22ж күні 5 г сынып жетекшісі Уразаева Р.Т. «Мен отанымның патриотымын», (<https://www.instagram.com/tv/CXgzrKFMLnj/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 18.02.22ж күні 5а сынып жетекшісі Казанцева О.М. «Отанды сүю – міндетің, Отанды қорғау – парызың!», тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын ұйымдастырып өткізілген. Барлық өткізілген үздік шаралар әлеуметтік желілерге, мектеп сайтына жарияланған.

Құқықтық тәрбиені іске асыруда:

- Құқықтық тәрбие (құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру);
- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және қаңғыбастықтың алдын алу;
- Балалар мен жастарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру;
- ҚІББ КТЖІБ мен құқықбұзушылықтың алдын- алуға арналған біріккен жұмыс;

Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы іс – қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 -2023 жылдарға арналған іс – шаралар жоспары «Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын- алу іс-шараларын іске асыру бойынша оқу жылы басталған сәттен балалар мен жасөспірімдердің күнделікті сабаққа қатысын қатаң түрде бақылау жұмысы жыл бойы жүргізілген, арнайы журнал жасақталып 1-11 сынып оқушыларын күнделікті сабаққа қатысы бойынша мәлімет жинақталып денсаулығына байланысты және себепсіз сабақ қалдырған оқушылар мен жекелеген жұмыстар жүргізілген. Жалпы мектеп оқушыларының себепсіз сабақ қалдыру жағдайлары орын алған жоқ, дейтұрғанмен денсаулығына байланысты он күннен немесе бір ай көлемінде сабақ қалдырған оқушылар дәрігердің анықтамасымен себепті болып танылған. Сондай-ақ балалар қауіпсіздігінің алдын-алу бойынша мереке күндері адамдар көп шоғырланатын орындарға, сауда орталықтарына мектеп тарпынан жауапты тұлғалар мектеп инспекторлары мен бірлескен түрде рейдтік шаралар жыл бойы жүргізілген.

«Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын- алу шараларын ұйымдастыруда жоспарға сәйкесті бейне фильмдер, видео роликтер, мамандармен кездесулер 5-8,9-11 сыныптар аралығында өз деңгейінде жүргізілді. 2021-2022 оқу жылын ұйымдастыруда мектеп оқушыларын Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру, балалар мен жасөспірімдерді зиянды заттардан сақтандыру, электронды темекінің зияны, балалар мен

жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша 15.09.21ж 1-кезекте 5,9,10,11 сыныптың ұл-қыздар үшін және 2-кезекте 6,7,8 сыныптың ұл-қыздары үшін жалпы жиналыс өткізілген. Жиналыс барысында әр баланың санасына жететіндей деңгейде жан-жақты түсіндірілген. (<https://www.instagram.com/p/CVNfz9hMrW4/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 09.12.21ж «Балалардың өмір сапасын жақсарту-ертеңгі болашақтың кепілі» арнайы мамандардың кеңесі және «Қыз бала қылығымен тартымды» қыз балаларға кеңес отырысы оздырылған. Кеңес аясында қыз балалардың тәртіп-тәрбиесіне қатысты көптеген ақыл-кеңестер берілген. (<https://www.instagram.com/p/CZxNLbAr0Fq/?igshid=YzdkMWQ2MWU=> 29.01.22ж күні «Қазақ қызы,әдемі де сыпайы жүр,сұлу ойлан», «Қыз тәрбиесі қырын кетпесін» тақырыптарында жасөспірім шақтағы қыз балалардың тәрбиесіне қатысты бейнероликтер көрсетілімі болып қыз балалар мен ой бөлісілген.12.03.2022ж 5-11 сыныптың ұл-қыз балалары үшін «Әлеуметтік желілердің зияны»,Киберқауіпсіздік, Мектеп оқушыларын түрлі сайттардан сақтандыруда түсінік жұмыстары жүргізілген.(<https://www.instagram.com/tv/CZq38StFXpx/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)Жиын барысында виртуалдық тәуелділіктен, қажетсіз интернет желілерінен және әлімжеттік,күш көрсету, зорлық-зомбылықты болдырмауда оқушылар назарына тиісті деңгейде ақыл-кеңестер берілген. Жыл бойы әр тоқсан барысында балалар мен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша үнемі түсінік жұмыстары жүргізілген. Мектеп инспекторы А.М Ибатова мен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жүргізілген.

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы » әдістемелік нұсқау хатының негізінде №37 жалпы орта білім беретін мектебінде 5-11 сыныптар арасында «Құқықтық сана – қауымға пана» арнайы жобасы жұмыс жасалған. Жобаның мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық - санасының деңгейін арттыру, құқықтық мінез-құлық дағдыларын, құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Міндеттері:

- Құқықтық білім беру негіздерін жүзеге асыру;
- Құқықтың түрлі аспектілерін оқыту дәрістерін ұйымдастыру және өткізу;
- Құқық бұзылған жағдайда қабылдануы қажет іс-әрекеттер бойынша жұмыстар ұйымдастыру және өткізу;
- Құқықтық мәселелер бойынша сыныптан тыс шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- Оқушылар мен ата-аналардың құқықтық санасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру.

Арнайы жоба шаралар мен байқаулар өткізу,құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру, құқықтық ақпараттық көрмелерді жасақтау арқылы жүзеге асырылған. Нормативтік құжаттар ретінде Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдары басшылыққа алынған. Жоба аясында «Баршаға арналған адам құқығы» тақырыбында ақпараттық шара, «Өз құқығыңды білесің бе?», «Мен және менің менің құқығым» тақырыптарында сауалнама мен суреттер байқауы оздырылған. 9-10 сынып оқушылары арасында «Құқық – әділет пен парасат жолы» атты дөңгелек үстел өткізілген. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларына кеңес беру, жадынама таратып, бейнероликтер көрсету жұмыстары жүргізілген. «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы» тақырыбында құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылған. Жыл бойына ата-аналар және сынып оқушыларының жиналыстарында олардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру және құқықбұзушылық пен ұсақ тәртіпбұзушылықтың алдын-алу мақсатында кеңестер беріліп, арнайы ақпараттар беріліп отырылған. Мектеп психологтары мен мектеп инспекторлары жекелеген оқушылармен кәсіби тұрғыда профилактикалық жұмыстар жүргізілген. Жоба жұмысын жүргізуге мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, тәлімгер, мектеп психологтары, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, құқық пәнінің мұғалімі атсалысқан. Жоба жұмысы арқылы оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін саналы түсініп,

ұсақ құқық бұзушылық деңгейі төмендетілген. Сонымен қатар құқықтық мәселелер бойынша кеңестер жүйелі түрде беріліп отырды.

2021-2022 оқу жылында ҚІБ-нің КТЖІБ-нің есебінде эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназисының оқушылары тұрмаған.

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназисының 2021-2022 оқу жылындағы баланың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол салудың алдын-алу бағытында жүргізілген психологиялық жұмыстары оқу жылының қыркүйек айында әдеттегідей жылдық жоспар жасақталып, диагностикалау, алдын алу, түзету жұмыстары жоспар негізінде және жоспардан тыс шаралар ұйымдастырылған.

«Отбасындағы қарым-қатынастың бала психикасына әсері», «Достық және махаббат», «Балаға қауіпсіз орта туғызудағы ата - ананың қызметі», «Жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуі», «Балаларымызды педофильден қалай қорғаймыз?» тақырыптарында кеңестер мен тренингтік жұмыстар зум платформасы арқылы өткізілген.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны аясында отбасы мүшелері арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» мектеп психологының ата аналар қауымына кеңесі ұйымдастырылды. Қатыгез немесе әділетсіз қарым-қатынастың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу және ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, басты құндылығы бостандық, еркіндік туралы түсініктерін қалыптастыру, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау, сенімділіктерін жоғарылату мақсаттарын да «Жасөспірім Заң Қауіпсіздік», «Жасөспірім Заң Қауіпсіздік», «Мен Тәуелсіз елдің еркін ұрпағымын!», «Мен өзіме сенімдімін!» тренинг, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында қашықтықтан кеңес беру ұйымдастырылған. Сонымен қатар оқушыларға өмір құндылықтары туралы жекелей және топтық кеңестер беріліп, сынып жетекшілер мен ата-аналарға сұраныс бойынша және қажет болған жағдайда алдын-алу, түзету бағыттарында ақыл-кеңестер беріліп отырылған. Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгез қараудың алдын алу және зорлық-зомбылық мәселелері бойынша сенім телефондары мен сенім жәшігі жұмыс жасалынған.

Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында психодиагностикалық жұмыс бағыттары «Өзін-өзі бағалау» өздерінің эмоционалды көңіл күйін басқара алуы бойынша «Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік жасау, бопсалау», «Зорлық зомбылықтың алдын-алу», «Жыныстық тәрбие» тақырыптарында сауалнамалар өткізіліп оқушылардың арасында әлімжеттік бопсалау шаралары кездеспегендігі анықталынған. «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Мейірім мекені» жобасы аясында апталықтар өткізілген. Өмір қауіпсіздігінің алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау, өмір құндылықтарын жоғарылату, сенімділіктерін арттыру бағыттарында «Мен Тәуелсіз елдің еркін ұрпағымын!», «Мен өзіме сенімдімін», «Өмірдің қауіпті қырлары және олардан өтудің жолдары», «Мен қайталанбас жеке тұлғамын!», «Сәттілікке толы сәттерім», «Серік-қыламын сенімді», «Әр кез өзіне сенімді бол!», «Жат қылықтардың қыздар тағдырына әсері», «Асқақ арман, биік мақсат», «Менің отбасым» тақырыптарында тренингтер, кеңес беру жұмыстары, арттерапиялық жаттығулар ұйымдастырылған. «Мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Отбасы-аялы алақан мектебі», тақырыптарында кеңестер ұсынылып, «Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың және балалардың өз-өзіне қол жұмсауы», «Бала бақыты жақсы ата-анадан», «Жақсы көңіл-күй жана азығы» тақырыптарында тренингтік жұмыстар жыл бойы жоспарлы түрде жүргізілген.

Наркобекет жұмысы: 2021-2022 оқу жылында Наркобекет жұмысының жоспары, еріктілер құрамы бекітілген. Жоспар бойынша бірқатар жұмыстар іске асырылды. Атап айтқанда «Нашақорлыққа жол жоқ!» ұранымен 18.10-18.11.21ж аралығында айлық жүргізілген. Ата-аналар жиналысында ақпараттандыру жұмыстары ұйымдастырылған. «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбымен құқық қорғау органдарымен 9-10 сыныптарға кездесу өткізілген. «Нашақорлық қоғамдық дерт!» тақырыбында 7-11 сынып арасында тәрбие сағаттары «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» 8-11 сынып арасында челлендж оздырылған. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Мен денсаулықты таңдаймын!» ұранымен таңғы жаттығулар өткізілген. Мектеп мұғалімдерімен және ата аналармен біріккен спорттық шаралар

оздырылып, денсаулықты күту, сақтау барысында жадынамалар ұсынылған. (<https://www.instagram.com/reel/CZxMlMEJm-6/?igshid=YzdkMWQ2MWU=> , <https://www.instagram.com/tv/CV--nybAo9e/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

20.10-20.11.21ж Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы!» тақырыбында айлық өткізілген. «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында ата-аналар жиналысында ақпараттандыру жұмыстары жүргізілген. «Тәуелсіз елдің ұланы» тақырыбында 4-5 сыныптар арасында сурет сайысы оздырылған. Оқушылар өз жұмыстарын жетекшіге тапсырып көрме ұйымдастырылған. 1-4,5-9 сыныптар арасында «Мен және менің құқығым» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушыларға құқықтары мен міндеттері, ҚР заңдары, білім туралы заң түсіндірілген. Айлық барысында «Түнгі қала-балалар үшін емес!» ұранымен мектеп инспекторымен бірге рейдтік шаралар ұйымдастырылған (https://www.instagram.com/p/CT85awSs_AO/?igshid=YzdkMWQ2MWU=) Шара кезінде беймезгіл уақытта жүрген мектеп оқушылары анықталмаған. Сонымен қатар 9 сыныптарға «Құқық – әділет пен парасат жолы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, 29.10.21ж күні мектеп психологының «Өз құқығыңды білесіңбе?» тақырыбында танымдық сауалнама өткізілген.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие барысында жоспарланған іс – шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілген. Өте жақсы деңгейде өткізілген шаралар әлеуметтік желілерге жыл бойы жарияланған. Балалар мен жасөспірімдер арасында үздіксіз жоспарлы тәрбиелік іс-шаралар өткізілу нәтижесінде өрескел құқықбұзушылық жағдайлар орын алмаған.

Жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, ізеттілікке, шыншылдыққа тәрбиелеуде жыл бойы балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне сай тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген. Сонымен қатар жыл бойы 1-11 сынып аралығында сынып жетекшілердің тәрбие жоспарына сәйкес «Мейірімділік-адамзаттың асыл қасиеті» мейірімділік мекені аясында тәрбие сағаттары өткізілген. Мектеп оқушылары үшін «Әуенді үзіліс» «Қараөке пати» 5,9,10,11 сыныптар үшін 1-кезекте, 6,7,8 сыныптар үшін 2-кезекте әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері ұйымдастырылған.

Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерді адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша емхананың СӨС бөлімі дәрігерлерімен және СӨС орталығының мамандарымен, ЖИТС орталығының қызметкерлерімен кездесу жоспарлы түрде ұйымдастырылған. Арнайы мамандардың кеңесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі бейнероликтер, жадынамалар, ақыл-кеңестер беру арқылы тиімді жеткізілген. «Жас ерекшелігі гигиенасы және жеке бас тазалығы» тазалық сақтау мәселелері бойынша жалпы мектепшілік және сынып ұл-қыздар жиналыстарында үнемі айтылып отырғанын байқауға болады. Сонымен қатар мектепте жас ерекшеліктеріне қарай қыз балалар мен жұмыс түрлерін ұйымдасытру жүйелі жолға қойылған. Соның бірі «Қыз жібек» қыздар клубы жұмысы.

2021-2022 оқу жылының басында «Қыз жібек» қыздар клубының жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Негізгі мақсаты: мектептегі қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылған. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, ас дайындауға, тігін тігуге үйрету ескертіліп, осы бағытта арнайы мамандармен тренинг, жадынамалар, танымдық сабақтар оздырылған.

Жыл бойы атқарылған жұмыстар яғни қыркүйек айында қазіргі замандағы қыздардың күтімі жайлы кеңес беру мақсатында және мектептің ішкі тәртібі жөнінде «Өзін-өзі күтетін қыздың 10 ережесі» тақырыбында клуб жетекшілері 7-11 сынып қыздар арасында арнайы жиын өткізілген. Жоспарға сай ақпан айында қыз баланың өмірге деген бейімділік, табандылық қасиеттерін қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру аясында мектеп психологы Э.В.Вагапова 7-11 сынып қыздарына «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» атты тренинг

өткізіп, өмір жолының, өз алдына қойған өмірлік мақсат-мұраттары мен жалпы адамгершілік құндылықтардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік берген. Сонымен қоса, қыз баланың өз-өзін тәрбиелеуін, рухани-адамгершілік ахуалын жақсартуын, салауатты өмір салтын ұстануын қадағлап, қыздардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттері мен қызға тән нәзіктікті қалыптастыру бойынша мектеп психологтары «Озар елдің қызы мінезді келеді» атты танымдық сабақ өткізіп, бейне ролик көрсетіліп, талқыланған. Клуб жұмысының айқын бейнесі наурыз айында өткен қалалық «Қыз сыны» байқауында көрінді.(<https://www.instagram.com/tv/Ca-PMQgMaj-/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Мектептегі ұл балалар және «Айбын» ұлдар клубының жұмысы

Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Қыркүйек айында «Айбын» ұлдар клубының жұмыс жоспары жасақталып, бекітілген жұмыс жоспарына сай, алғашқы әскери дайындық кабинетінде пән мұғалімі Бауыржан Теңізұлының қатысуымен мектеп оқушыларын клуб мүшiлегiне қабылдау шарасы өткізілген. Шара барысында оқушыларға клубтың алдағы жоспары, жұмыстары таныстырылып, оқушылар арасынан клуб жетекшісі тағайындалған. Клубқа жалпы саны 6-10 сынып оқушылары аралығынан отызға жуық оқушы тіркелген.

Сонымен қатар, қыркүйек айында клуб мүшелерінің басшылығымен мектеп ұл балаларының тізімі жасақталып, тәртібі, үлгерімі, әлеуметтік жағдайы, отбасы мүшелері, үйірмелерге қамтылуы, қызығушылықтары, бос уақыттарында немен шұғылданатындары туралы зерделенген.

Қазан айында жоспарланған шараға орай, балалардың денсаулық туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мектеп медбикесінің қатысуымен мектептің акт залында «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларының ұлдарына түсінік жұмыстары жүргізіліп, слайд, видеоматериалдар арқылы шылым, есірткі секілді зиянды заттардың зардаптары түсіндірілген. Аталған айда оқушылардың дәстүрлі дінге деген көзқарастарын қалыптастыру, деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында Дін істері басқармасы тарапынан келген арнайы теолог маманмен кездесу өткізілген. Маман еліміздегі теріс діни ағымдар туралы, бүгінгі күндегі теріс идеологияны насихаттап жүргендердің кімдер екендігі, олардың жастарды адастыру жолдары туралы құнды мәліметтерімен бөліскен.

Қараша айында клуб мүшелеріне мектеп психологы тарапынан психологиялық тест тапсырмалары ұсынылып, шара соңы «Ұл тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында №1 ұлдар жиналысымен қорытындыланған. Жиналыста оқушыларға тренинг ұйымдастырылып, клуб мүшелігіне жаңадан оқушылар алынған. Желтоқсан айында 9-11 сынып оқушыларына «Әуестенбе шылымға» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, сауалнаманы зерделей келе, жоғарғы сынып оқушылары арасында электронды шылымға қызығушылық танытып жүрген оқушылар анықталып, олармен жеке түсінік жұмыстары жүргізілген.

Жоспарға сәйкес, қаңтар айының соңында клуб мүшелеріне «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында ұлдар жиналысы оздырылған. Мектеп психологы тарапынан әке мен бала

арасында психологиялық тапсырмалар, сұрақтар, ситуациялық жағдайлар беріліп әке мен бала арасындағы қарым қатынастың жақсаруына септігін тигізген.

Ақпан айында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Баймухамбетов Б.Т. ауған соғысы ардагері Мирлан Аманжолұлы қатысуымен оқушылардың бойында Отанға деген патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында дөңгелек үстел оздырылған. Оқушыларға ерлік, батырлық туралы бейнематериалдар көрсетіліп, пікір алмасқан.(<https://www.instagram.com/p/CaKKvMxMeXy/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, клуб мүшелері мектептің ұстаздар қауымын мерекемен құттықтап, үзіліс уақытында мектеп дәлізінде мерекелік бағдарлама ұйымдастырған. 22-Наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай ұйымдастырылған шарада да клуб мүшелері қалыс қалмағаны байқалады. Әр сынып өз сыныптарының ұл-қыздарымен бірлесе отырып, көрініс қойылып, ән айтылып, би биленіп, шараның сәнін келтірген. (<https://www.instagram.com/tv/CbS2GeYJVWq/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>) Сәуір айында жұмыс жоспарына сәйкес, клуб мүшелеріне мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ш. Ураловтың қатысуымен «Тәртіпке бағынған құл болмас» тақырыбында ұлдар жиналысы оздырылған. Жиналыста ұлдардың тәртібі, сабаққа қатысы, мектеп формасы, қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық ортада ұл бала өзін қалай ұстау керектігі жайлы айтылған.

Сондай-ақ 2021- 2022 оқу жылының 31.01--04 .02.22ж аралығындағы өзін-өзі тану пәні бойынша «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» апталығы оздырылған. Апталыққа 1-11 сынып оқушылары мен мектеп жас мамандары белсене қатысқан.

31.01.22ж күні ашылу салтанаты мектепішілік жиынмен «Жағымды көңіл күй» атты тақырыпта өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері ұстаздарға, оқушыларға арналған іс-шарасы өткізілген. (<https://www.instagram.com/tv/CZqtoL0AGWc/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

02.02.22ж күні «Ән star» рухани- адамгершілік құндылықтарға негізделген әндер шеруі өткізілген. Ән шеруге 4 сынып оқушылары белсене қатысқан. 04.02.22ж күні мектебімізде өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балаларына қайырымдылық жасау мақсатында «Жүрегім толы мейірім» атты бір алма сыйла акциясы өткізілген. Апталық қорытындыланып, белсенді қатынасқан оқушылар, ұстаздар марапатталған. (<https://www.instagram.com/tv/CZ676HauzU-/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2021-2022 оқу жылында мектепте «Оқуға құштар» республикалық жобасы жыл бойы жоспарлы түрде іске асырылған.

Жобаның мақсаты: білім алушылардың оқу сауаттылығын және кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру; кітапханамен байланыстарын жандандыру; өз беттерімен ізденіп оқуға дағдыландыру.

Жобаның міндеттері:

- білім алушылардың оқу мәдениеті мен оқу белсенділігінің деңгейін өзара іс-қимыл және әлеуметтік әріптестік арқылы арттыру;
- мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- мектеп жобасын іске асыру үшін ата-аналарды іс-шараларға тарту;
- балаларды оқуға тарту бойынша әдістемелік материалдар жинағын жасақтау.

Жобаның негізгі бағыты «Мектеп-Мұғалім-Бала-Отбасы» желілік өзара әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылған.

Оқуға құштар» жобасына ұстаздарда ат салысып, TEDx жобасына әр бірлестіктен ұстаздар да қатынасып өз үлестерін қоса білді. қатысты. Ұстаздар оқушылар арасында өте қызықты туындыларды әр шара барысында жеткізіп жас жеткіншектерді кітапқұмарлыққа тәрбиелей білді. (<https://www.instagram.com/p/CZ8mAmkM6PU/?igshid=YzdkMWQ2MWU=> , <https://www.instagram.com/p/CaljalRqVXs/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Жалпыға бірдей білім беру айлығымен республикалық «Мектепке жол», қайырымдылық акциясы өткізіліп, жұмыс жүргізілген. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы өзгеріп ҚР Үкіметінің 449 қаулысы аясында әлеуметтік қорғалмаған санатындағы балаларға көмек көрсету ұйымдастырылған. Аз қамтылған санатында 7 оқушы есепке алынды. Құжаттары

жинақталды.Ата-ана өтініші негізінде 7 оқушы Мектептен тегін 1 мезгілдік ыстық тамақпен қамтылды.. Жалпыға бірдей білім беру қорынан оқушыларға ата-ана өтініші негізінде крассовка алып берілді. Аз қамтылған санатындағы оқушыдан 5 оқушы мектеп жанындағы лагермен, 5 оқушы Атамекен сауықтыру лагерімен , 1 оқушы Боровое лагеріне жіберілген.(<https://www.instagram.com/p/CStmAtcsw5c/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Жыл барысында оқушылар «Балбұлақ» лагері,жазғы мектептің қатысушы оқушылары Орал қаласының «Тарихи өлкетану» музейіне, М.Маметова атындағы тарихи мұражайға, қаламыздағы түрлі кітапханалар мен саябақтарға өлкені тану бағытында экскурсия жасалынған. (<https://www.instagram.com/p/CV7sGVxAuPy/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>,
<https://www.instagram.com/p/Cc8mEjEryBA/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

4 мамыр-ҚР Рәміздер күніне орай «Балбұлақ» бастауыш жазғы лагерь қатысушылары арасында челлендж оздырылса, жазғы мектеп оқушыларына «Рәміздерге құрмет-ұлтжандылық нышаны» тақырыбында танымдық шарасы, «Рәміздерім-мақтанышым» тақырыбында танымдық-патриоттық іс-шара жоғары деңгейде өткізілген. (<https://www.instagram.com/p/CfKIDW7Lu7N/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>,
<https://www.instagram.com/p/CPsAeurF7BK/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Қыркүйек айында «Мәңгілік ел-Мәртебелі тіл» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен тілдер апталығы оздырылып мектеп оқушылары түрлі шараларға белсенді қатысқан. (<https://www.instagram.com/p/Capw2FvrTgN/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Өзін-өзі тану мұғалімдері оқу жылында «Достық» клубының жұмысын жандандыруда жүйелі жұмыстар жүргізді. 2021 жылдың 13 қараша күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Бірлігіміз жарасқан» Би рату дәстүрлі би байқауы оздырылған. Бас жүлде: 7а-сыныбы:Үнді биімен, 1 орын: 5г-сыныбы:Татар биімен,8г-сыныбы Цыган биімен,2-Орын: 8а-сыныбы:Өзбек биімен,9б-сыныбы-Ұйғыр биімен,3-орын:6г-сыныбы-Өзбек биімен,5а,б-сыныптары-Кавказ биімен,10-сыныбы-Үнді биімен жеңімпаз танылған.(<https://www.instagram.com/tv/CdAlsPqg-gI/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2022 жылдың қаңтар айында жоспарға сай мектепте «Бірлік пен бейбітшілік мекені» тақырыбында сурет байқауы өткізілген. (<https://www.instagram.com/tv/CXQZN5ptp-E/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2022 жылдың «1 наурыз күні жалпыхалықтық мереке - Алғыс айту» күніне орай «Алғыс айту» бұрышына үзіліс уақытында оқушылар өздерінің жылы тілектері мен ізгі ниетімен алғыстарын білдіріп жазған. Сондай ақ Алғыс айту күні кіші қызметкерлерге арналып оқушылар мерекелік концерт дайындаған. (<https://www.instagram.com/tv/CakuHSSACHL/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>,
<https://www.instagram.com/tv/CakqHjALYM6/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

, 2022 жылдың «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай мектепте 5-10 сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылған. Флешмобқа қатысқан барлық сыныптар өте белсенді болғаны байқалады.(<https://www.instagram.com/tv/CdAlsPqg-gI/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Оқу-тәрбие үрдісін құндылықтарға бағыттау арқылы бүгінгі қоғамның зерделі тұлғасын қалыптастырудағы табысты мектеп моделі» тақырыбында сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы өткізіліп, сынып жетекшілер мен мұғалімдер топтарға бөлініп, құндылықтарға негізделген табысты мектеп моделін құрудағы үштік одақтың жұмысын көрсетіп, мәселелер талқыланған. (<https://www.instagram.com/p/CbTHYigLkrF/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2021-2022 оқу жылының басында мектептің 1-11 сынып оқушыларының әлеуметтік төлқұжатын жасақтап,әр түрлі санаттағы оқушылар анықталынған. Санаттағы оқушыларға моральдық,материалдық көмек ұйымдастыруда бір қатар жұмыстар атқарылған.

Балалар мен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі,жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру,құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша ата-аналар назарына жан-жақты түсінік жұмыстары арнайы мамандар тарапынан беріле отырып жыл бойы бала тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелер жиналыс барысында қаралған.Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктерін арттыру мақсатында ақыл-кеңестер беріліп,тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тәрбиелік мәні зор атап айтқанда бейнероликтер көрсетілімі,түрлі слай материалдары дайындалып жадынамал үнемі тарату жұмыстары жыл бойы ұйымдастырылған. Жыл бойы Отбасы құндылықтарын сақтауға,ата-ана қадірін ұғынуға,ата-анаға құрмет көрсетуге жас буынды тәрбиелеу мақсатында 1-4,5-11сыныптар аралығында тәрбиелік іс-шаралар сынып жетекшілердің жоспарына сәйкесті өткізілген.

Мектепте тоқсанына бір рет сынып ата-аналар жиналысы және жалпы мектепшілік ата-аналар жиналыстары өткізіліп отырған. Жалпы ата-аналар жиналысына Облыстағы діни департамент мамандары, Орал қалалық ішкі істер бөлімінің мамандары, №5 емхананың тәжірибелі дәрігерлерімен «Отбасы, мектеп, қоғам-бала өміріне жауапты» тақырыбында дөңгелек үстелдер т.б маңызды тақырыптар көлемінде жиын, бас қосулар өткізілген. (<https://www.instagram.com/p/CVNfz9hMrW4/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша оқу жылында іс-шаралар жоспарланып, кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, оқушылардың мамандық таңдауға деген қабілеттерін анықтау, денсаулықтарын сақтау және педагогикалық-психологиялық, ақпараттық қолдау көрсету мақсаты көзделген. Жаңа оқу жылының басында 11,9-сынып бітірушілердің оқуға орналасуы бойынша деректер базасы жинақталып, қалалық білім бөліміне есебі тапсырылған. Кәсіптік бағдар беру бағытындағы жұмыстардың іске асырылуы бойынша мектепте әр аптаның бейсенбісі ашық есік күні ретінде белгіленіп арнаулы оқу орындары атап айтсақ; Батыс Қазақстан Инновациялық –Технологиялық Университеті, Орал ақпараттық технологиялар колледжі, Орал политехникалық колледжі, Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі, Халықаралық Цифрлық Технологиялар, Сәулет және Құқықтық колледжі, Батыс Қазақстан Индустриалды колледжі, Орал гуманитарлық –техникалық колледжінен мамандар келіп кеңес жүргізілген. 16.04.22 күні «Мың мамандық бәрі бар, Таңдап, талғап бірін ал» тақырыбында мектебімізде тәрбие жоспарына сәйкесті 9-сынып бітірушілеріне мамандыққа бағдар сағаты оздырылған. Шараға әртүрлі оқу орындарынан келген мамандар өз оқу орындарының мамандықтарын бейнефильммен, таныстырылыммен таныстырып оқушыларға кеңес берді, жадынамалар таратылған. 27.04.22 күні «Бүгінгі мектеп түлегі-ертеңгі елдің тірегі» тақырыбында мектептің жоспарына сәйкесті 9-сынып оқушылары мен негізгі мектепті бітірген, бүгінде қаламыздағы колледждарда оқитын мектеп түлектерімен кездесу шарасы өткізілген. Шара барысында кәсіптік бағдар аясында бейнефильм көрсетіліп, ой қозғалып, танысу тренингімен жалғасып, оқушылар көкейіндегі сұрақтарға жауап алынған. Оқушылар мен түлектер «Ойна да ойлан!», «Ыстық картоп» тренингтеріне қатыстырылған. Сәуір айындағы жалпы ата-аналар жиналысында 9,11-сынып ата-аналары мен оқушылар арнаулы оқу орындарының мамандарымен мамандыққа бағдар алды. Оқу жылы барысында 9 -11 сынып оқушыларына «Сенің болашақ мамандығыңның адам өмірін сақтаудағы маңызы қандай?», «Мамандықты еңбек нарығына сай таңдау тиімді ме?» эссе жұмыстары жазылып, жоғары деңгейде оздырылған.

Мектеп психологтары Э.В.Вагапова кәсіби таңдау бойынша түзету жұмыстары, кәсіби шешімде қолдау көрсету, түрлі тренинг, сауалнамалар өткізуі оқушылар мен ата-аналар арасында жеке кеңестер жүргізу және оқушылардың диагностикасы оқу жылы барысында үздіксіз жүргізілген. Экологиялық тәрбие бойынша «Экомектеп» жобасы жоба жетекшісі С.А.Аманжоловна бастамасымен жүргізілген. Оқу жылы барысында қалалық «Жер иесі» экологиялық байқауының «Үздік мектеп жанындағы оқу тәжірибе үлескесіне» белсене қатысқан. Сонымен қатар мектеп ауласында «Қызғалдақтар аллеясы» егілген. Жоба аясында Шараға оқушылар, ата аналар, мектеп жас мамандары ат салысып, көктем айларында «Мектепті көркейтеміз!» сенбіліктері ай сайын жүргізілген. Өткен жылы облыс әкімі Ғ. Есқалиевтің бастамасымен «Мектеп-Алма бақ-оқушы» жобасы бастау алған мектеп ауласындағы бақ, «Жас экологтар» үйірмесінің мүшелерінің атсалысуымен суарылып тұрған. (<https://www.instagram.com/p/CV0H3GYM5IF/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/reel/CZUY0BBR0-J/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/tv/Cd0T9mKrO5R/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/p/CV0H3GYM5IF/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие бағытында Достық клубы құрылып, клубтың мақсатына елімізде тұрып жатырған әр түрлі ұлт өкілдерінің озық дәстүрлерін, мәдениетін, өзіндік үлгі – өнегесін дәріптеу, оқушылардың көп ұлтты Қазақстан халқының татулықпен бірлікпен өмір сүріп жатқаны туралы танымдық ойларын дамытып, өзге ұлт өкілдерін құрметтей білуге тәрбиелей отырып, патриоттық сезімдерін ояту алынған. Клуб құрамына сегіз өзге ұлт оқушылары және мектептің белсенді ерікті оқушылар қабылданған.

2021 жылдың 13 қараша күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Бірлігіміз жарасқан» атты дәстүрлі би байқауы оздырылған. Сонымен қатар ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Хор Рату» шарасы өткізілді. Сыныптар өзара патриоттық, ұлттық нақыштағы әндер айтты. Айта кетелік өзге ұлт өкілдері «Туған Жер», «Атамекен», «Отан ана» сияқты әндерді жатқа, нақышына келтіре айта алды. (<https://www.instagram.com/tv/CW-vbJGMq2n/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/tv/CXd9Mygl1in/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/tv/CXrWh2HMTqB/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2022 жылдың қаңтар айында жоспарға сай мектебімізде «Бірлік пен бейбітшілік мекені» тақырыбында сурет байқауы өткізілген.

2022 жылдың 1 наурыз күні жалпыхалықтық - Алғыс айту» күніне орай гимназияда оқушылары кіші қызметкерлерге және мұғалімдерге арнап тілек жазылған жүрекшелер тараттылған акция ұйымдастырылған. (<https://www.instagram.com/tv/CakqHjALYM6/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/tv/CakuHSSACHL/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2022 жылдың «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай «Достық» атты бір шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетілген. Сонымен қатар Көркем-эстетикалық тәрбие бағытында мектептегі «Қолөнер» үйірмесінің мүшелері гобелен тоқу, түрлі қуыршақтар, бұйымдар жасап, қаламызда ұйымдастырылған түрлі көрмелерде жұмыстарын көрсетіп нәтижелі жетістіктерге қол жеткізген. (<https://www.instagram.com/tv/CdAlsPqg-gI/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/tv/CdAqkDjvldm/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/p/CdBgI9zMzjf/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

2021-2022 оқу жылында Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясының пікір-сайыс қозғалысы, «Эверест» дебат клубы жұмысын байқауға болады. Дебаттық клубқа мүше оқушылар 14-16 жас аралығы қамтылған.

Жылдық жоспарға сәйкес айына 2 рет дебат мүшелері арасында мектепшілік сайыстар ұйымдастырылып отырған. Қыркүйектен бастап дебат өнерін меңгере бастаған оқушылар өткізілген барлық сайыстарға белсенді қатысып, жарқын жетістікке жете бастағанын аңғаруға болады. Ақпан-наурыз айларында өткен қалалық «ZERDE CUP» және облыстық «125 HIGH SCHOOL CUP» дебат турнирлерлерінде дебатарлар, 8-сынып оқушылары Батырхан Асылзада жақсы нәтижелі ойын көрсетіп, алғыс хат иегерлері атанып, жүлдеге ие болған. (<https://www.instagram.com/p/CXYepfCM9Bw/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>, <https://www.instagram.com/p/CZ2JctzLIS9/?igshid=YzdkMWQ2MWU=>)

«Эверест» дебат клубының дебатар-оқушылары жыл бойы Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясының дебат саласында беделін арттырғаны үшін 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепшілік үздік оқушылардың «Жұлдыздар шеруі» шарасында мектеп директоры Каиржанова Алия Зулкарнаевна атынан алғыс хатқа иеленген. (<https://www.instagram.com/tv/CPUojpenYHh/?igshid=NTdlMDg3MTY=>)

«Эверест» дебат клубының жоспарлы жұмыстарының барлығы эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясының базасында өтті. Сонымен қатар, басқа мектептермен тәжірибе алмасу мақсатында танымдық шаралар «Оқушылар сарайы», «Қосымша білім беру орталы» базаларында ұйымдастырылып отырған.

2021-2022 оқу жылында гимназияның өзін-өзі асқару жұмысы жүйелі жүргізілген. Соның ішінде «Жас Ұлан» БЖҰ – ның жұмысының белсенді атқарылғанын байқауға болады.

2021 жылдың желтоқсан айында «Жас Ұлан» ұйымындағы оқушылар саны – 32, «Жас қыран» құрамындағы оқушылар саны – 266 өткен.

Жоспар бойынша әр түрлі бағытта бірқатар тәрбиелік танымдық іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілген. Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының 7 бағыты бойынша кеңестері құрылып, Ұланбасымен бірге жұмыстар жүйелі жүргізілген. Сонымен қатар әр бағыт бойынша жетекшілері тағайындалып, оларға атқаратын қызметтері жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілген.

https://www.instagram.com/tv/CX_3OI9gzAa/?utm_source=ig_web_copy_link

2022-2023 оқу жылының тәрбие жоспары бойынша жасақталған іс-шараларға тоқталатын болсақ:

Оқу жылы 1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын мен 1-11 сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыптарында сынып сағатарымен бастау алып Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, бағытында Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында 1- 4 сыныптарда сынып сағаттары

<https://www.instagram.com/reel/Ch-n3g4JKjL/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>

<https://www.instagram.com/p/Ch-rhwCrR9N/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>,

құқықтық тәрбие бағытында «Адал ұрпақ» клубының жұмыстарымен «Кішкентай баланың-үлкен құқықтары», «Сен және заң», «Менің құқығым мен міндеттерім», «Өз міндеттерің мен құқықтарыңды біл!» тақырыптарында тәрбие сағаттары мен ақпараттандыру жұмыстары, «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны шаралары ұйымдастырылып, «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбындағы онкүндік жоспарына сай «Бақытты ана, бақытты бала, бақытты ел» тақырыбында «Мейірім» аналар клуб жетекшілері өткізген дөңгелек үстел, «Құқығым бар» эссе байқауы, «Әр баланың құқығы бар» сурет көрмесі,

«Үздік мектеп медиаторы» дөңгелек үстел, <https://www.instagram.com/p/CIDxIpuMyaQ/?igshid=MDJmNzVkMjY=>, <https://www.instagram.com/reel/CIaolTOqPBc/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

оқушылар арасында «Өмір ағашы, менің шежіремнің тарихы» тақырыбында бейнероликтер түсіріліп https://www.instagram.com/reel/Ck_KNFFLU9T/?igshid=MDJmNzVkMjY=,

<https://www.instagram.com/reel/CICNSo8uC3M/?igshid=MDJmNzVkMjY=>, мектеп инспекторымен «Түнгі қаладағы балалар» рейді оздырылса,

оқушылардың патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында Республика күніне орай мерекелік концерттік бағдарлама өткізіліп https://www.instagram.com/p/Cj2aMhpsG_3/?igshid=MDJmNzVkMjY=, <https://www.instagram.com/reel/CkGvDvCs4q8/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>,

<https://www.instagram.com/reel/CkBIlyqj0Hb/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>, <https://www.instagram.com/reel/CkAZRVQrxRa/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>,

<https://www.instagram.com/reel/CkAT3G6I-KI/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>,

https://www.instagram.com/reel/Cj_LBoDP7xA/?igshid=NDk5N2NIZjQ=,

https://www.instagram.com/reel/Cj_MLAOMps1/?igshid=NDk5N2NIZjQ=,

<https://www.instagram.com/reel/Cj-f9vELjQC/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>, 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай кітап көрмесі, тәрбие сағаттары, «Рухы жоғары халықтың тарихы мәңгілік» атты Қазыбек бидің 350 жылдығына арналған тарихи-танымдық шара өткізілген.

Оқушылар арасында «Жолдан абай бол!» ЖЖЕ туралы ақпараттандыру жұмыстары мен «Жол әліппесі» <https://www.instagram.com/reel/CiQMoGTuRyp/?igshid=NDk5N2NIZjQ=>, «Мен және жол», «Жолда жүру мәдениеті», «Құлаққапты шеш те, Өмірді сақта!» тақырыптарында тәрбие сағаттары жоспар бойынша өткізілген. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында гимназияда 5-11 сыныптың оқушыларына Кәмелетке толмағандар ісі-жөніндегі аға лейтенант инспектор Саматова Д.С «Кәмелетке толмағандар қатысуымен болатын құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқып, оқушыларға тақырыпқа сай жадынамалар таратылған <https://www.instagram.com/p/Ciu91NIMGNU/?igshid=MDJmNzVkMjY=>. Сонымен қатар мектепте жоспарға сай 5-11 сынып арасында кезекті «Айбын» ер балалар клубының жиналысы өткізілген. Төмендегі мәселелер бойынша жұмыстар қаралып, баяндама оқылған:

1. «Құқықтық сауаттылық» тарих пәні мұғалімі Д. С. Кунашев

2. «Ішкі тәртіп ережесі басты назарда» ұлдар ұйымы төрағасы М. Ж. Ахтаров

3. «Құқықбұзушылықтың алдын алу» / ҚПБ-нің ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция майоры А. М. Ибатова

5. Жылдық жоспармен таныстыру. ДТІЖО М. Ш. Уралов

6. Ер балалар төрағасын сайлау <https://www.instagram.com/p/CjVuwsKMm39/?igshid=MDJmNzVkMjY=>.

«9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес» күні қарсаңында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында «Адалдық сағаты» ұйымдастырылған.

Бекітілген тәрбие жоспарына сай «Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді» атты қыздар жиналысы өткізілген. Қыздар ұйымының төрайымы Н.С.Есентемір жиналыстың мақсатымен, күн тәртібімен таныстырып, өткізілген жиналыс негізгі қарастырылған <https://www.instagram.com/p/Cja20ctstg3/?igshid=MDJmNzVkMjY=>.

Орал қаласының №5 ауруханасының маманы, СӨС кабинетінің медбикесі Л.М. Кужагельдина және СӨС кабинетінің аға дәрігері С.С. Насырова жастар арасында өзекті мәселеге айналған электронды темекінің адам денсаулығына әсері туралы түсіндіріп, Орал қаласының №5 ауруханасының маманы, СӨС кабинетінің медбикесі Л.М. Кужагельдина және СӨС кабинетінің аға дәрігері С.С. Насырова жастар арасында өзекті мәселеге айналған электронды темекінің адам денсаулығына әсері туралы кеңестер берілген.

